САРАСӨЗ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИ-ҚОҒАМДЫҚ ЖУРНАЛ

№ 33 (39) / ақпан-наурыз / 2021

САРАСӨЗ

TÚRKİSTAN



Үсенбек Рахметов

Бас директор-редактор
Гүлжаз ҚАРЫБЕК

Дизайнер-суретші: **Мұрат ШАХАНБАЙ**
Корректоры: **Мөлдір СӘБИТ**

Редакцияның мекенжайы: Түркістан қаласы, Бортөбе көшесі, 33-үй.
Тел: +7 702 839 86 88, электронды пошта: gulastana100@mail.ru

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және жергілікті басылымды есепке қою туралы куәлігі №16302-ж 17.01.2017 ж берілді.
Меншік иесі:
ЖК «Кыдыкбекова Г.К.»

Басуға 05.01.2021 ж. жіберілді
Журнал «Print House Gerona» ЖШС баспаханасында басылды.
Мекенжайы: Алматы қаласы, Сәтпаев көшесі, 30 А/3-үй

Мақала авторының көзқарасы редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. «Сарасөзде» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, журналға сілтеме жасалуы міндетті

Таралымы: 5000

Мұқабада:
Ғалым Үсенбек Рахметов






САРАСОЗ
Нова Якість Досягнень!


САРАСОЗ


САРАСОЗ


САРАСОЗ

Күресе жүріп жеңуден ләззат алу!



МІНЕ, ӨМІРДІҢ МӘНІ!

Отыз алты жыл. Үш мүшел... Бір адамның өз өмірінің тең жартысына жуығын бір салаға арнауы ол тек өз мамандығына деген асқан махаббаттың дәлелі шығар. Үсенбек Рахметұлы – университетті бітіргеннен бастап үздіксіз осы салада қызмет етіп келе жатқан сирек жандардың бірі. «Бүкіл өмірім осы жоғары мектеппен байланысты»– дейді, өзі нағыз зиялы адамдарға тән қарапайым ғана мәнерімен. Зиялы десе, дейтіндей-ақ, ағамыз Мәскеуде үш жыл күндізгі аспирантурада оқып, диссертация қорғап елге оралған. Ол кездегі ғалымдардың қандай болғанын біледі. Нағыз ғалымдар ғой. Өмірдегі басты құндылығы – дүние-байлық емес, білім! Сондықтан ол кісіден әңгімені ә дегенде құндылықтан бастағанды жөн көрдік.

ТӨБЕСІНЕН СУ ТАМШЫЛАП ТҰРҒАН ҒИМАРАТТЫ АЛЫП, ОНЫ РЕТКЕ КЕЛТІРІП, БІЛІМ ОРДАСЫНА АЙНАЛДЫРҒАНДА ЖҰРТ ТАНЫМАЙ ҚАЛДЫ...

– Алла Тағала адамды жарық дүниеге келтірген соң өмірді өзің қалай бағдарлап жоспарласаң, солай өткізуге тырысу керек. Материалдық құндылық өмірдегі ең маңызды нәрсе емес. Мысалы, мен осы жасымда өмірдің соншалықты күрестен тұратынына, онсыз ештеңеге де жете алмайтыны-

ма көзім жетті. Күресе жүріп жеңу, одан ләззат алу – міне, өмірдің құны деген осы. Мысалы, біреулер барлығын ақшаға сатып алады да, «Мен барлығына жеттім!» дейді ғой? Айталық, биылғы жылы сайлау алды өткізілген Праймеризді алайық. Өзім соған қатысарда «Осы сайлауға үміткерлер не үшін түседі екен?» деп ойланып, біраз еңбектер мен мақалаларға көз жүгіртіп, талдау жасадым. Репортаждарда берген сұхбаттар мен әңгімелесулермен де таныстым. Сонда байқағаным, адамға сайлауға түсуге үш түрлі нәрсе түрткі болады екен. Біріншісі – демократиялық мотивке негізделген «халыққа қызмет жасасам» деген жағымды түрткінің болуы. Екіншісі – «өз бизнесіме көлеңкем түсер, оны әртүрлі нәрселерден қорғаштай жүрермін» деген жағымсыз түрткінің көрініс табуы. Мұндай мотив иесінің қоршаған ортаға да, қоғамға да ешқандай пайдасы тимейтіні анық, олардың тек жеке басының қамын ғана күйттеп, нәпсі қалауын ойлайтын адамдар екені белгілі. Ал енді үшіншісі – «мен осы өмірден барлығын алдым ғой, ақшам жетеді. Бірақ мынаны ғана алған жоқ едім, енді мұны да ала салайыншы» деген либерал түрткі. Оның да қоғамға ешқандай пайдасы жоқ. Ертең халыққа қызмет жасап, болмаса халықтың мұң-мұқтажын айтып, сөйлей алады деп айта алмаймын. Міне, осындай үш мотивтегі адамдар кеше Праймеризге түсті. Оның нәтижесін өзіңіз де естіп, біліп жатырсыз. Менің өзімнің негізгі ұстанған мотивім: осы алпысқа келіп, есейген шағымда халыққа қызмет еткім келді. Біреуге кішкене де болса, пайдамды тигізгім келді. Саясатқа араласу емес, жалпы өмірден алған тәжірибем мен жинақтаған білімім, адамдармен ара-қатынаста ұстанған өзіндік позицияларым бар, осылардың барлығының бір пайдасы тиердей көрінді. Әйтпесе, кәсіпкер де болдым, онда да білім саласындағы кәсіпкерлік. Менің құрылтайшылығыммен жеке техникалық және кәсіптік білім беретін колледж аштық. Бүгінгі күні колледждің материалдық-техникалық базасы ешкімнен кем емес. 2000 жылдан бері қарай сол базаны құрап, қолымыздан келгенше дамытып келе жатырмыз. Ғимараттың төбесінен су ақпайтын жері жоқ еді. Білім беру саласындағы жаңалықтарға жанымыз құмар. Колледж алғаш құрылған кезде де әлі толық қалыптаспаған, көп нәрсені қажет ететін ғимарат болатын. Содан бері 20 жыл өтіпті. Біз ол ғимаратты жыл сайын шамамыз келгенше аздап болса да жамап-жасқап келеміз. Сол 20 жылдан бергі жұмсаған қаражатымызды есептер болсақ, дүниенің қаржысы кетті-ау деймін. Сол кездері Тұңғыш Президентіміз Н. Ә. Назарбаевтың «Бос тұрған обьектілерді кәсіпкерлерге сенімді басқаруға беру туралы» Қаулысы шыққан болатын. Шарты: жұмыс орнын ашып, соны сақтап қалу. Сол заңның негізінде біз сол ғимаратты алдық, қанша жұмыс орны ашылды, қазіргі таңда білімгерлер білім нәрімен сусындап, мамандық иесі болып, өмірлік бағытын тауып жатыр. 2020 жылға 9 жылда колледжді бітірген 722 жас қала, облыс, республика көлемінде түрлі өндіріс ошақтарында өз орындарын тауып еңбек етіп жатыр.

Үсенбек Рахметұлының айтса айтатынындай-ақ бар: сол тұста Кентау қаласында талай балабақша бұзылып та кетті. 90 жылдардың тоқырауы кезінде жұмыс тоқтап, ел күнкөріс қамымен жан-жаққа кеткен соң, құлазып, бос қалған ғимараттардың талайы



болмашы тиын-тебенге сатылып та кетті. Міне, сондай кезеңде тұтас бір ғимаратты сақтап қалу ерлікке пара-пар іс еді. Бүгінде сондай ғимарат білім беретін оқу орнына айналып отыр. Ғалым әрі білікті басшы осы тұста әңгімені қайта еліміздегі білім мен ғылым саласына бұрды.

КЕЗ КЕЛГЕН ҚОҒАМ ИНЖЕНЕРЛІК ҚҰРАМСЫЗ ДАМИ АЛМАҒАН...

– Қазіргі ғылымдағы үлкен бір серпіліс – дуальды оқыту жүйесін енгізу. Оның негізгі мақсаты – өндіріс пен ғылымды бір-біріне жақындату. Мысалы біз оқу орындарында теориялық білім береміз. Бірақ ол практикалық біліммен тығыз байланыспай жатады. Кезінде Германияда осы дуальды оқыту жүйесі енгізіліп, сол арқылы білім саласы үлкен даму жолына түскен. Осы дуальды оқыту жүйесіне Германия мемлекеті кәсіпорындарының 25 пайызы қатысады екен. Тіпті, дуальды білім беру жүйесінің негізінде бұл елде студенттер кәсіби білім туралы диплом алып қана қоймайды, ұзақ мерзімді ақы төленетін өндірістік тәжірибеден өткізіледі және жоғары оқу орнын аяқтағаннан кейін кепілді жұмыс орнымен

қамтамасыз етіледі.

Сол оқу орындарының тәжірибесіне жүгініп, дуальды оқыту жүйесін енгіздік. Оны облыстық білім басқармасында арнайы бекітіп алдық. Өзіңіз білесіз, мен қазір Қ. А. Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университеттінің Кентау бөлімінің директорымын. Ол жерде де осы дуальды білім беру идеясы жалғасын тапқан. Мысалы, біз Кентау Трансформатор зауытымен тікелей байланыста дуальды оқыту жүйесінің негізінде болашақ инженерлерді дайындап жатырмыз. Біздің Университетіміздің бұрынғы ректоры Болатбек Серікбайұлы Әбдірәсіловтің



негізгі идеясы - Кентау қаласынан инженерлік мамандықтардың кластерін қалыптастыру еді. Бұл не деген сөз? Біздің елімізде кешегі Кеңестік дәуірден кейін инженерлік мамандықтар бойынша мамандар дайындау мәселесі көп кедергілерге кездесіп, дағдарысқа ұшырады. Бұрынғы инженерлер дайындайтын оқу орындары елімізде өндірістің тоқтап қалуына байланысты қандай салада мамандар дайындаудың қажеттілігін анықтай алмаса, заман ағымына сәйкес инженер мамандар дайындауға қажетті техникалық базаны да қалыптастыра алмай жатты. Өз ретінде қазіргі заман талабына сәйкес келетін материалдық-техникалық базалар мен ғылыми лабораториялар ашу үлкен қаражатты талап етті. Міне, осы себепті қазіргі заманның талабы бойынша жабдықталған, соңғы технологиялар негізінде модернизацияланған Кентау трансформатор зауытымен әріптестік қатынаста IT және электроэнергетика инженерлерін бірлесе дайындауды қолға алдық. Өз кезегінде Кентау трансформатор зауыты да қол қусырып қарап отырмады, өз қаражаты есебінен үлкен екі ғылыми лабораторияны жабдықтап берді. Сапалы мамандар дайындау мақсатында университет тарапынан болып жатқан кез келген идеялар мен ұсыныстарымызды үнемі қолдап, мамандар дайындаудағы әріптес ретінде көмегін аямай келеді. Нәтижесі жаман емес биылғы 2020-2021 оқу жылында 96 талапкер қызығушылық білдіріп, мемлекеттік грант иегері ретінде өздері келіп оқуға түсті. Бұл нәтиже инженерлік мамандыққа деген қызығушылық пен тартылыстың бар екенін көрсетеді. Инженер мамандар бізге не үшін керек деген сұрақ туындауы мүмкін. Кез келген қоғам өзінің дамуында инженерлер құрамысыз, инженерлер армиясының қалыптасуынсыз дами алмаған. Болашақтың негізі дамыған экономикамыз болса, сол экономиканы дамытып, ары қарай жылжытатын қозғаушы фактор осы инженерлер құрамы болса керек. Міне, сондықтан да инженерлер дайындайтын мамандықтар кластерін қалыптастырамыз деген ректордың идеясын көрегендік деп айта аламын.

Ол аз десеңіз, біз Кентау институтының базасынан Технопарк ашып қойдық. Ол идея қайдан келді? АҚШ-да кезінде бюджеттік тапшылық болып, жоғары оқу орындары қиындықтарға ұшыраған кезеңдерде осы технопарк дегенді ойлап тапқан екен. Біріншіден, Технопарк дегеніміз – бұл технологиялық бизнес идеялар негізінде қалыптастырылған бизнес-инкубатор арқылы инновациялық жобаларды табу және дамыту, оларды іске асыруға бағытталған сервистік қызмет көрсету орталығы. Технопарктың негізгі идеясы – үлкен өндіріс орындарында, жастардың арасында, халықтың арасында жүрген бизнес идеясы бар жобаларды жинақтау. Мұндай идеялар мен жобаларды жинақтағаннан кейін университет ол жобаларды қолдап, оларға арнайы офис беріп, интернет желісімен толық әрі тегін қамтамасыз етіп, ғылыми негіздеуге көмек береді, жобаларды басқару және қаржыландыру көздерін іздеу және жобаларды материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелерін де қарастырады. Сондай-ақ, жобаларды қолдау міндеттерінің ішіне кеңселік немесе өндірістік орын беру, телекоммуникациялық қызмет көрсету, зертханалық жабдықтарды пайдалануға және қолдануға мүмкіндіктер беру, сол сияқты, бухгалтерлік, құқықтық және аудармашылық жағынан қолдау, сынақтан өткізу, патенттеу, сертификаттау, тәжірибелік үлгі құрастыруға, инновациялық дамыту шараларын іске асыруға қолдау көрсету, консультациялық қызмет көрсету, сараптамалық жобалар сияқты жұмыстар кіреді. Осы жобалардың негізінде құрылған стартап компаниялар арқылы олар өз идеясын дамытып, өнімді дайындап шығарып, кейін үлкен өндіріске айналады. Міне, осы себепті, ел арасындағы инновациялық

бизнес идеялар мен жобаларды жинақтап, көмек беретін орталық осы технопарк болып табылады.

Бұл жобаны ары қарай дамытуда университетімізге жаңадан келіп жатқан ректорымыз Темірбекова Жанар Амангелдіқызының көзі қарақты ғалым ретінде қолдайтынына сенемін.

ҮЛГІ БОЛАРЛЫҚ ӨРШІЛДІК

Әдетте жұртшылық алпысты алқымдаған жандарды «шаршаған адамдар» санатына жатқызуы мүмкін. Әйтсе де, өмірде күш-қуаты мол, тау суындай арқыраған адамдар да кездеседі. Олар керісінше жыл өте келе өмір тәжірибесінен өтіп, байи түседі. Ұдайы бір тың идея келеді ойларына. «Бірнәрселерді ойлап тауып жүремін», - дейді ол жайлы Үсенбек Рахметұлының өзі. Өзіне ондай бір құдырет Жаратқаннан берілген деп санайды. Және күш-қуатты ол кісі әр нәрседен, табиғаттан, қандай да жұмыстан алады. Солайша әрдайым өмірге деген құлшынысы артып отырады және өзгелерге де серпін береді. Өйткені табиғаты сондай.

– «Қойшының баласы қойшы болады» деген сөз бар емес пе халық арасында. Кеңес дәуірінде сол қойшының ала таяғын да дәріптеп, журналист біткен оларды көкке көтере мақтап жазып жататын. «Трактористің баласы да тракторшы болуы керек» деген де саясат болды. Менің де әкем қойшы болған. Сол баяғы ескіше көзқараспен мені де мектепті бітірген кезде әрі қарай білім қуып, оқымайды деген оймен ауылда қалып, қойшы болады деп топшылаған. Әрі кетсе, техниканы меңгеріп, тракторшы болады деп болжаған. Солайша мұғалімдер аттестатыма үш деген баға қойып бере салған. Сол құжатыма қарап отырып, кейде күлкім келеді: дене шынықтырудан ғана «бес», қазақ тілі пәнінен «төрт», қалған сабақтың барлығында үш деген баға тұр. Ауылда мектептің директорынан бастап мені үлгі етіп оқушыларға «Кезінде мектепті үшке бітірген бала кейін Университетті қызыл дипломмен аяқтады. Одан қалса, Мәскеуге барып қорғап келді» деп айтып жүреді екен.



Рас, басында ауылда қалдым, трактормен жер жырттым. Солай жүре берер де ме едім? Бір күні «ДТ 75» деген трактормен жер айдап келе жатсам, атыздың басына ақ көйлек киген екі-үш адам келіп тұр екен. Жақындап барып қарасам, сыныптастарым. Мектеп бітіргелі бес жыл өткен кез болатын. Мен әскерге барып келіп үлгерген едім. Әскерден кейін осылай ауылда тракторшы болып жұмыс істеп жүргенмін. Ал мына сыныптастарым оқуға түсіп, мемлекеттік тәжірибеден өтуге келген беттері болса керек. Ауылға келген бетте мені іздепті. Ол кезде ауылдағы психологиямен жүрген кезім емес пе? Аналарға қыр көрсетіп, тракторды қалай айдау керектігін көрсеткім келіп, өзімше соқаны да айналдыра жерге қадап, жандарына жақындаған соң тоқтай қалдым. Күні бойы трактордың ішіне кірген шаң кірпігіңе дейін жабысып қалатын. Үстімнің барлығы май-май. Әлгі эппақ көйлекпен тұрған сыныптастарымды құшақтауға бата алмадым. Сол кезде менің санама: «Ее, егер оқымасаң, өмір бойы осылай шаң-шаң, май-май болып, трактор айдап өтесің!» деген импульс келді. Сол ойдың кіруінен соң күн өткен сайын тыныштығым кетіп, тыным таппадым. Ұйқым ұйқы болмады. Бір нәрсе алысқа шақырады да тұрады. Қайда шақырып жатыр? Басымда түк білім де жоқ. Қайда барып, кімге нені дәлелдеймін? Осылай тыным таппай жүргенімде, күз де келді. Сол кездері мемлекет бюджетінің есебінен білім беретін дайындық курстары болатын. Сол курстарға түсіп, сегіз ай оқып, ары қарай оқуға түсіп кететін. Міне, сол дайындық курсына түсуге бар күшімді салдым. Бір жақсы ағаларымыз бар еді. Сол кісілер де көмектесті. Осылай дайындық курсына түстім. Өзім есейіп келіп оқуға түсіп отыр емеспін бе? Мектеп бағдарламасы бойынша математикалық формулаларды түсіндіреді. Мен оны түсінбеймін. Үш деген бағаны да ала алмай жүрдім. Мұғалімдер де менің 5 жылдан кейін есейіп келіп білім алуға ұмтылысымды байқайтын болу керек, «ізденсін», «ұмтылсын» деп бағаны тартып қоятын. Жатақхананың ортасында ұзын дәліз болатын. Жанымдағылардың барлығы менен бес жас кіші ғой. Үстелді жылжытып алып келіп, сол дәліздің жарығымен сабақ оқитынмын. Түнімен отырамын. Ақтөбеден келген Марат деген жігіт бар еді. Менің досым. Соны түнжарымда сағат үште оятып алып: «Мына формуланы маған түсіндірші. Менің миым жетпей жатыр» деп мазасын аламын. Ол ұйқысын қиып, ерінбей түсіндіріп беретін. Сөйтіп әлгі формулаларды әрең дегенде түсініп алып, айтып беретінмін. Сонымен мен жатақханада

аңызға айнала бастадым. «Ойбай, бес жыл кешігіп оқуға түскен біреу бар екен. Түні бойы кітаптан бас алмай сабақ оқиды» деп ауыздан ауызға тарап жаттым. Уақыт өте, бірте-бірте сабағым дұрысталып, үш деген баға ала бастадым. Артынша төрт ала бастадым. Сегізінші аттестацияда төрт қойып берді. Содан емтихан тапсырып, институтқа түскен кезде кілең беспен тапсырып, түсіп кеттім. Содан институтты бітіргенше «өте жақсы» деген бағаға оқып, қызыл дипломмен аяқтап шықтым. Ол кезде



«Ленин стипендиясы» деген болатын. Оған жүз сом беретін. Мен Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтында білім алдым. Екінші курстан бастап студенттік құрылыс отрядтарында еңбек ететінбіз. Ол жерден қосымша қаражат табамыз. Осылай өз-өзімді қаржыландырып, құрылысшы да болып көрдім.

Менің үздік белгіге аяқтағаным ескеріліп жолдамамен институтта оқытушы қызметіне қалдырылдым. Бұл маған ғылыми ізденіске түсуіме жол ашты. Содан ҚазМУдің «Қазақ тілі» кафедрасына ізденуші болып тіркеліп, кафедра меңгерушісі М.Томанов ағаның жетекшілігімен үш жыл бойы қазақ тілінің проблемасы бойынша диссертация жазып жүрдім. Бірақ қанша әрекеттенсем де қазақ тілі бойынша күндізгі оқу формасы бойынша аспирантураға қол жеткізе алмадым. Сол кездері Қайта құру кезеңі басталып кетті. Мәскеуге баратын мүмкіндік те туындай қалды. Осы жерде өмірге құлшынысымды дәлелдейтін бір оқиғаны айта кетейін. Мен өзіме 180 градусқа қарама-қарсы, Жоғарғы мектеп педагогикасы бағытын таңдап «13.00.01 - Педагогиканың теориясы мен тарихы» мамандығы бойынша 2 жылдық ғылыми-зерттеушілік тағылымдама ары қарай 3 жылдық аспирантура жолын таңдап, Мәскеуге кетіп қалдым. Барған оқу орным 1872 жылдан терең тарихы бар, ғылыми-педагогикалықмамандардайындаудаорасан зор бай тәжірибесі қалыптасқан, атақты В.И.Ленин атындағы Мәскеу мемлекеттік педагогикалық институты болды. Қазақ тілінде диссертация жазып жүрген маманның аяқ астынан орыстың ғылыми тілінде сөйлеп кетуінің қаншалықты қиын екенін білесіз ғой? Менің ойымнан кетпейтін бір керемет нәрсе бар. Мәскеудің Ленин атындағы кітаханасына таңғы сағат тоғызда кіремін. Содан кешкі сағат тоғызда бір ақ шығамын. Ол кезде ксерокөшірме деген атымен жоқ. Сурет те жоқ. Тек қана тоқтамай конспект жазасың. Мен өз саламда ешқандай еңбек қалдырмай, барлығын оқып шықтым. Небір ғалымдар мен профессорлардың еңбектерін көшіріп конспектілей бердім. Өзімнің зерттеу объектісіне айналдырып жүрген саламда әжептеуір білетіндей дәрежеге жеттім. Бірақ кейін байқағаным, айлап, жылдап орыс тіліндегі ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді оқып, зерделей берген сайын санамда орысша ғылыми ойлау қабілеті қалыптаса бастады, оны мен кез келген ғылыми проблема жөнінде ойлай бастасам, ойша орысша сөйлем құрай бастайтынымнан байқадым. Оған тіпті өзге түгілі өзім де таңғалдым. Кейін ғылыми орыс тілінде еркін сөйлеп кететін болдық ғой. Ю.П.Сокольников деген профессор бар еді. Өзі Ұлы Отан соғысының ардагері болатын. Сол кісі маған ғылыми жетекшілік етті. Бірақ «Сен мына жеріңді дамыт, мынаны былай істе» деп, ақыл айтпайтын. «Давай, работай дальше!» дейтін де қоятын. Содан мен тек қана өз-өзіме сеніп, кітапты ары қарай кеміре бердім. Бір күні В.И.Лениннің туған жері, Ульяновск деген қалаға конференцияға бардық. «Сонау Мәскеуден Сокольников келіпті, шәкірттерін де ерте келіпті!» дегеннен кейін, ол жақтың да тәжірибелі ғалым-профессорлары, ғылымға бой ұрып ізденіп жүрген жастары, аспиранттары олар да бізді тыңдауға келіпті. Соған дейін мен тілдік кедергіден қорқып, елдің алдына шығып сөйлей бермейтінмін. Тек қана аздаған баяндама жасап, мінберден тезірек кетіп қалуға тырысатынмын. Ал, мына жолы мен не өз-өзімді дәлелдеуім керек, не елге қайтуым керек. Өйткені 2 жылдық тағылымдама мерзімінің аяқталуына жақын уақыт қалған болатын. Не өзіңді, ғылымға бейімділігіңді дәлелдеп, ары қарай аспирантураға түсуің керек, не елге қайту керек. Конференцияда жасайтын баяндамаға бары-жоғы жеті минут қана уақыт беріледі. Сөйтіп, конференция басталды. Ең әуелі мінберге біздің жоғарғы курс аспиранттары шықты. Мәскеуден келді деген соң, жұрттың барлығы жапырлап сұрақтарды жаудырып жатыр. Кейбір сұрақтарға бірге келген до-

старым жоғары курс аспиранттары толық жауап бере алмай, қиналып қалған кездері де болып жатты. Қарасам, жетекшім қысылыңқырап отырғандай болып көрінді. Содан кезек маған келді. Баспалдақпен көтеріліп бара жатып, жетекшіме көзім түсіп кетті. Көзінен «Кідіріп қалма, көрсет шамаңның қандай екенін!» дегенді оқыдым. Азғантай күмәнды да байқадым. Шықтым да, зерттеу жұмысымның бастапқы параметрлерін, ғылыми методологиялық негіздерін, ғылыми-теориялық, перспективалық, практикалық маңыздарын, зерттеудің кезеңдері мен алар нәтижелерімді баяндап бердім. Әдеттегіше сұрақ қою басталды. Мен қызып кетіп, сұрақ қоюшылармен қызу тартысып, дәлелдемелер келтіріп, дискуссиялық пікірталаспен аудиторияны жеті минут емес, 27 минут бойы ұстап тұрғанмын ғой! Бір кезде барлығы жаппай қол соғып, ризашылықтарын білдірді. Мен де өз-өзіме риза болып, қуанышымда шек жоқ! Үзілісте бірінші рет жетекшім: «Усенбек! Ты молодец!» деп, қолымды қысып, құттықтады! Содан ары қарай 3 жыл күндізгі аспирантурада оқып, мерзімінен бұрын қорғап та шықтым. Былай қарасаңыз, осы оқиғаның өзі әлгі өмірге деген құлшынысым мен ұмтылысымды білдірсе керек. Мұны бәлкім өжеттік деу де керек шығар. Алла Тағала маған осындай бір қасиетті берген. Өмірімде осыны дәлелдеп келе жатырмын. Әйтпесе, мен ауылда жүрген кезде ешкім менен ғалым шығатынын, Мәскеуге барып оқитынымды ойлаған да жоқ. Міне, осылардың барлығын басымыздан өткіздік...

Иә, айтса адам нанғысыз жағдай. Қойнаудағы қойшының баласы сондай дәрежеге жету деген естігенге ертегі де секілді. Әйтсе де, Үсенбек ағамыздың бойындағы намыс пен ұмтылыс мүмкін еместің өзін бағындырды. Бұл бір жағы отбасындағы тәрбие мен еркіндіктің әсері.


– Әкем қатал адам еді. Бірақ мен жалғыз баласы болғандықтан, көп ұрыса бермейтін. Еркін ұстады. Әттең өмірі қысқа болды, мен тоғызыншы сыныпта оқып жүрген кезде қайтыс болып кетті. Ал, анам мен аспирантураның соңғы курсында оқып жүрген кезде көз жұмды. Білімге деген құштарлық, бәлкім, нағашыларымнан келген болар. Әкем де бірақ қара жаяу адам емес еді. Кешегі соғыс кезінде қан майданның ортасында жүріп, жараланып қайтқан сарбаз ғой. Елге келген соң да қарап отырмай, халыққа қызмет етті. Мүмкін әкемнен де берілген қасиет болар. «Кейде маған осы қасиеттер қайдан келді?» деп шынында ойланамын. Көз алдыма балалық шағымды елестетем, сонау бір кездерге ойша саяхаттап қайтамын. Әкем таңертең жұмысына кетеді. Ол кісі бригадир болды. Кейінірек қойшы болды. Малдың жағдайынан басқа ол кісілер не ойлады дейсіз? Мына Шиелінің тұсында тау бар емес пе? Біз сол тауда өстік. Ар жағындағы Ақсүмбеге жақын еді. Сол таудың арасында, таудың табиғатында жүргенде, ерекше бірдеңе дарыды ма?.. «Тау баласы тауға қарап өседі» деген сөз бар емес пе? Содан болар, таулы жер мені көбірек тартады да тұрады. Кентауға келгенімде де, ең әуелі осы тау мені көбірек тартты.

МЕКТЕПКЕ КӨРКЕМ ЖАЗУДЫ ҚАЙТАРУ КЕРЕК!..

Өзінің осыншалық бойдағы дарыны мен қабілетін отбасы, ата-анасы, тіпті туған жерінің табиғатынан берілген деп білетін Үсенбек Рахметовтің алар асуы биік болды. Мәскеуде аспирантура бітірген оны Алматыға шақырды. Алматыдағы ҚазПИде (қазіргі Абай атындағы Қаз ҰПУ) жұмыс істеді. Ол жерде жақсы қызметтерде болып, 1995 жылы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік Университетіне шақырылып, өзінің педагогикалық қызметін қасиетті Түркістанда жалғастырды. Мәскеуде



оқыған байырғы достары қолдап жүріп, жоғары білім беруде алғашқылардың бірі боп қашықтан оқыту технологиясын енгізген Мәскеудің «Современный Гуманитарный Университеті» филиалын Түркістаннан ашты. Кейін ол Қазақстан-Ресей университеті болып аталды. 2002 жылға дейін ол оқу орнынан қаншама түлектер бітірді. Бүгінде олардың барлығы республика бойынша түрлі қызметте жүр. Кешегі Праймеризде де бір қызығы, бір кездегі шәкірттерінің ел аралап жүргенде алдыңнан шығып ұшырасып жататынын мақтанышпен айтады.



– «Елдің бәрі ресторан, өндіріс орындарын ашып жатады. Неге сіз қаражатыңызды тек қана осы Білім саласына саласыз?» – деген сұрақты көп қояды. Себебі білім саласы дұрыс жолға қойылмай, елімізде ештеңе де оңбайды. Сондықтан да мен бар тапқан қаражатымды білім саласына салып жатырмын. Соның арқасында менің құрылтайшылығыммен ашылған колледж де қазір ешкімнен ұялмайтындай дәрежеге жетіп қалды. Ал, қазіргі басшылық жасап отырған Кентау институтын үлкен деңгейге жеткіземіз деп жанталасып жатырмыз. Технопарк жұмыс істеп кетсе, жағдайымыз жақсарады деген үміттеміз. Соңғы кезде ол тіпті менің өмірімнің мәніне айналды десем де артық болмас.

Кейде Фэйсбук желісіне де шығып тұрамын. Сонда бір-екі рет «Қазір мектептерге көркем жазуды қайтару керек» дегенді де көтеріп жүрмін. Өйткені, университетте студенттерге лекция оқып жүріп, жазуларына, каллиграфиялық ерекшеліктеріне мән беріп қараймын. Байқағаным: мектепті жақсы-ақ оқып, мемлекеттік грантты жеңіп алған студент құрамының басым көпшілігінің каллиграфиялық жазуы, әсемдігі жоқтың қасы. Бұл мәселені тек мен ғана байқап жүрген жоқпын, менің әріптестерім де, тіпті басқа басқа жоғары оқу орындарында да педагогтар әңгімелеріне арқау етіп жүр. Бұл білім беру жүйесіндегі үлкен проблема, оны ретке келтіру қажет. Сондықтан да бастауыш мектепке «Көркем жазуды» қайтару керек деп есептеймін.

Біздің кезімізде қандай еді? Мектепте оқушылардың жазуы маржандай болатын. Әсіресе үздік оқушылардың. Тіпті аттестат толтыратын кезде сондай оқушыларды жинап алып, соларға жазғызатын. Қазір қыз болсын, мейлі ер бала болсын, көркем жазу деген қалды. Ал шындап келсек, көркем жазу деген – эстетикалық әсемдік. Сұлу, көркем етіп жазу адамды қашанда бір әдемілікке, әсемдікке тәрбиелейді. Сонымен қатар қазір сол қолмен жазатын солақайлар көбейіп кетті. Баяғыда мұғалімдер солақайлармен ерекше жұмыстар жүргізе отырып, тиянақты тәрбие жұмыстарының арқасында оң қолымен жаздыртатын. Соның арқасында Кеңес дәуірінде сол қолмен жазатын адамдар көп кездесе бермейтін. Ешкім далада қалған жоқ. Барлығы да жақсы білім алды. Ол кезеңді жамандай беруге де болмайды. Мектептің проблемалары көбірек ойландырады. Кеше мен Праймеризге қатысқан кезде де сол мектептің проблемаларын қозғап, соларға жанашыр болдым.

Бар саналы ғұмырын білімге арнап келе жатқан ағамыз осы тұста терең бір күрсініп алды. Соның өзі бүгінде білім саласының деңгейі мен қазіргі жастардың құндылыққа деген көзқарасының өзгеруіне қатысты көңілі толмайтын қаншама ойды білдіргендей.

– Қазір сондай заман болып кетті ғой: қолы боста кітап ұстайтын едік, оған да уақытың жоқ. Себебі басыңда одан да басқа мыңдаған ақпараттар легі толып жатыр, қорытып үлгере алмай жатасың. Әсіресе, біздің бастауыш мектеп оқушыларын оқыту бағдарламалары қандай ауыр, баланың психикалық дамуына артық жүктеме. Мысалы, Жапонияда бастауыш мектепті бітіргенше өз ана тілінен басқа тілді оқытпайды екен. Әбден бала өз тілі мен мәдениетін, салт-дәстүрін меңгермей тұрып, басқа тілді меңгеруге оқытылмайды. Ал біздің елімізде бірінші сыныпқа жетпей ақ ағылшын, орыс тілін үйретіп әуре. Адамның миы екі миллион клеткадан тұратын болса, соны әбден шаршатып, титықтатып, бастауыш мектептен негізгі орта білімге қарай көшіре саламыз. Мен бұл туралы жазып та, айтып та жүрмін. Бәлкім, баланың нағыз қазақ болып, ұлт болып қалыптасуы үшін, сана-сезімі дұрыс, елдің патриоты болуы үшін біздің де елімізде бастауыш мектеп деңгейінде басқа тілдің барлығын тоқтатып, тек қана ана тілімізді үйрету керек шығар? Қазір «Болашақпен» шетелде қанша жастар оқып келіп жатыр. Болмаса, шетелдерге өздері ақ барып, басқа да оқу орындарына түсіп кетіп жатыр. Бірақ оларға ешкім: «Сен мына ағылшын тілін үйрен немесе орыс тілін меңгер» деп, мәжбүрлеген жоқ. Мен бір-екі жанұялық достарым бар – балалары өз бетінше корей тілін үйреніп алған. Интернет деген ақпарат орталығы деп айтып кеттім емес пе? Сол төгіліп жатқан ақпараттан өздеріне керегін ала береді. Сондықтан да кітапты



іздеуге, кітапты оқуға құмарлықтың болмауының бір себебі осында. Біз қазір өте ақпараттанған қоғамға айналып кеттік. Тіпті бір мақал іздесе де, интернетті аша салып, таба қояды. Ал мен сонда да болса айтар едім, «Абай жолын» оқымаған баланы жоғарғы оқу орнына түсірмеу керек деп. Қазақ болу үшін әуелі «Абай жолын» оқып шығу керек. Мен өзім оны екі ақ рет оқыдым. Енді мен үшінші немесе төртінші рет оқитын болсам, басқаша бір дүниені ашар едім-ау деп те ойлаймын. Соған әлі жете алмай жүрмін. Маған уақыт жетпейді.

ТҰЛҒА ТӘРБИЕЛЕУ - МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ!

Үсенбек Рахметовтың балалары түгел жоғарғы оқу орындарын бітірген. Солардың ішінде тек Әселі ғана әке жолын қуып, педагог болыпты. Оның өзін отағасы балаларынан емес, өзінің кезінде жұмыс басты болып жүріп, оларға дұрыс көңіл бөле алмауынан көреді. Бірақ, әке жолын қумаса да, балалар жаман болған жоқ – үлкен қызы – заңгер, кейінгісі – экономист. Ал осындай тұлғаның өзі бос уақытында аздап домбыра шертетіні бар. Бала кезінен сурет салуға деген құмарлығы тағы бар. Жалпы, бір сөзбен айтқанда эстетикалық талғамы жоғары адам. Ал ондай адамның сұлулықты жақсы көрмеуі мүмкін емес. Кез келген нәрсенің әдемі болғанын қалайды. Соңғы кездері өзі «Білімнің дәстүрлі емес әдістеріне» көбірек ден қойып жүрсе керек. Қоғамда болып жатқан құбылыстардың ешқайсысына бейжай қарай алмайды.

– Теледидарда бірыңғай өнер адамдарын дәріптеу, шоу бизнес төңірегінде сөз қозғау маған еш ұнамайды. Бүгінгі заманның батырлары бар емес пе? Неге адамдарды лапылдаған өрттен аман алып шыққан өрт сөндірушіні, ерлік жасаған полиция қызметкерін, мыңдаған мамандық иелерінің ерекшеліктерін, түрлі өнертапқыштар, мықты кәсіпкерлер, ерекше педагогикалық технологияда білім беретін жаңашыл ұстаздарды, ерекше архитектуралық жоба авторын, құрылыс, ауылшаруашылық, жеңіл өнеркәсіп, көлік және байланыс, туризм салаларында бір жаңалығымен, ерекшелігімен көрініп жүрген тұлғалар неге

көрсетілмейді? Сонда біздің елімізде тек қана әртістер ғана еленіп, солар ғана танылa беруі керек пе? Неге әртістер жастардың еліктейтін, тәрбие алатын үлгілік эталонына айналу керек? Неге мен құлағына сырға тағып, шашы мен бетін түрлі түске бояп алған әртістерге (бұл жерде ер жігіттерімізді айтып отырмын) қарап, соларды тұлғалық дамудың көрсеткіші, үлгісі етіп алуым керек? Біздің елде тұлғалыққа жетелейтін басқа мамандық иелері жоқ па? Міне, осы нәрсе мені қынжылтады, – деп түйіндеді сөзін ағамыз.

ҚЫЗ БАЛА БАРҒАН ЖЕРІН «БАҚЫТТЫ ЕТЕМ» ДЕП ҚАНА ОЙЛАУЫ КЕРЕК...

Алпыстың асқарына бет бұрған азаматтың аталы сөз айтуға қалай болғанда да қақы бар. Ағамызды дәл қазіргі заманда қыз-тәрбиесі көп ойлантады екен. Бәлкім, өзі қыз тәрбиелеп өсірген әке болғандығынан да шығар.

– «Қыздар, сендер ертең тұрмысқа шыққан соң сол елге тастай батып, судай сіңіп кетемін деген ұстаным негізгі қағидаттарыңның бірі болуы керек» деп айтамын. Қыз бала тәрбиесі қазіргі қоғамымызда көп құндылықтарымызды қайта қарап, ұлт ретінде елеулі өзгерістер жасауымызды талап етеді. Қазір жастардың арасында «ажырасу» өте көп. Болмайтын кикілжіңнің өзінен жанұялық қатынас бұзылып жатады. Соғыс жоқ, басқа сұрапыл сүргін жоқ, бейбіт өмірде жүріп-ақ қаншама сәби әкесіз өсіп жатыр. Бұл - шешімі табылмай келе жатқан қоғамдық мәселе. Осы мәселеге байланысты мына бір жағдай көп нәрсеге толғандырып ой тастайды.

Бірде достармен басқосып отырып оларға: «Заман өзгеріп жатыр. Неге екінші әйел алмайсыңдар?» деп әзіл айттым. Сонда олардың ішінде бір досым: «Үйленгенімізге отыз жылдай болса да, әйелім бір рет бетіме қарсы келіп, бір жерде менің абыройымды аяқасты еткен емес. Үнемі төбесіне көтерумен келеді. Мен адам ретінде оның алдында қарыздармын. Балашағамды өсіріп, жан-жақты дамуы үшін тыным таппай тәрбиелеп келе жатыр. Ендеше, екінші әйел алсам, адамгершіліктен безіп, оған опасыздық жасаған болмаймын ба? Менің адамдығым қайда қалады? Дәл қазір үріп ауызға салғандай жап-жас, сұлу, оншақты қызды қатар қойып қойса да, мен бір ғана әйеліме айырбастамаймын» деді. Мені бұл әңгіме терең толғандырып, «мұндай тұжырымды айту үшін әйел қандай болу керек» деген ой келді. Міне, ерлі-зайыптының арасында осындай сыйластық болуы керек. Сол кезде ғана жанұяда тұрақтылық болады. Біздің бабаларымыз текті елден тексіз адам шықпайды деп, бір-бірімен бесік құда болып, сөз байластырып отырған. Сосын ол ауылдан келін болып келген қыз да екі текті елдің арасын бұза алмаған. Оған дәті бармаған. Сондай бір құрметпен, сыймен барған. Қазір енді балаға қатысты жаңа заң шығарып жатыр. Балаңа сөз сөйлеу үшін де рұқсат сұрайтын заман келе жатыр. Біздің қазақы менталитетімізге ол нәрсе келеді ме, келмейді ме, білмеймін. Міне, осындай нәрселер біздің жастарымыздың санасын улап жатыр. Сондықтан жастар отбасын құруға шешім қабылдаған кезде тастай берік болып, қатып қалуы қажет. Әйел адамның ерін өзін сыйламауы мүмкін емес жағдайға дейін әкеліп қоюы – тұрақтылықтың өлшемі (критерий), бірлік пен сенімнің белгісі екенау деп ой түйдім.

ТҮЙІН: Кейде адамдардың тұтас өмірбаянын оқып шықсаң да, ішінен іліп алар бір нәрсе таба алмай дал боласың. Керісінше, кейбіреулердің буырқанып-тасып жатқан өміріне қарап, «қалайша осы әншейінде уақыт жеткізе алмай жанталасып жүретін өмірде, осының бәріне үлгерді екен?» деп ойлайсың... Шыны керек, Үсенбек ағамыз осы екінші санатқа жатады. Жыл өткен сайын жасарып бара жатқандай, жаңа бір іске құлшына кірісіп жатады. Оның қасында ұйықтап жүрген жастарды көріп, ұялып та қаласың. Ендеше, мен мұндай тұлғаға бір-ақ ауыз сөзбен «Өмірге өте сергек қарайтын жан» деген баға берер едім... Және ол кісінің әлі талай ірі істердің басынан көрінетініне зәредей күмәнім жоқ...

Өз тілшіміздең, Кентау қаласы



ҰЛЫ ТҮРКІ БІРЛІГІ ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ

Жер бетінде 250 млннан астам түркі нәсілді адам тұрады. Түркістан - сол түркі жұртының туған жері. Әлдилеген алтын бесігі. Атақонысы. Алтай мен Анадолы арасындағы алып атырапты бұрын «Тұран», Түркістан дескен. Алайда осы кең ауқым, терең мағынасы Кеңес дәуірінде әбден тарылды. Бір ғана әкімшілік ауданның орталығы болып қалды. Тек Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың шешімімен Түркістан өзінің тарихи-саяси тұғырына қайта көтерілді. Қасиетті қала- Қазақстанның рухани астанасы ғана емес, тұтас түркі жұртының орталығына айналды.

Адамзат өркениетіне түркілердің қосқан үлесі - өлшеусіз. Ат жалын тартып мініп, жер бетінде ең алғаш жылқыны қолға үйреткен - Түркілер! Еуропа мифологиясында кездесетін «кентаврлар» кімдер?Бұл да біздің ат үстіндегі ата-бабаларымыз! Ежелден кен қазып, металл өндірісін бастаған да -Түркілер! Жер қойнауынан қазылып алынып жатқан «Алтын адамдар» кімдер? Түркілер! Батыс пен Шығысты жалғаған Ұлы жібек жолын, Дала империясын құрған - Түркілер! Елбасы көшпенділердің әлем өркениетіне қосқан үлесін «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында жіліктеп берген.


Тарихтың әр тарауында, әр дәуірде түркілер қаншама мемлекет құрды. Төрт құрлықты жаулады. Массагеттер, сақтар, ғұндар секілді тұран тайпалары Қытай, Үндістан, Еуропа халықтарын биледі. Тарихы тасқа қашалған Күлтегін, Білге қаған, Тоны Көк, Алып Ер Тұңғалардың ерлік, жорық жырларын Еуропаны жаулаған Едір патша, Мысырды билеген Бейбарыстар жалғады. Алтайдан Анадолыға жетіп, жарты әлемді жаулаған Оғыз қаған ұрпақтары - Осман империясының тарихы - бөлек дастан.

Елбасы қазіргі күрделі геосаяси және геоэкономикалық халықаралық жағдайда тілі, діні, нәсілі бір жұрттың жалғыз, жеке-дара дами алмайтынын, тарихи-мәдени және географиялық-экономикалық жағынан мүдделес елдермен одақ құрып, бірлесу керектігін айтты. Түркі дүниесімен одақтасу – алаш арыстарының асыл арманы еді.

> ***«Тіл –бір көпір. Наным-сенім – бір көпір. Тарих – бір көпір. Біз бүгін олардан тіл тұрғысынан да, салт-дәстүр жөнінен де тарихи байланыстардан ажырап, өте алыста қалып қойдық. Тарихи байланыстарды жаңғыртуымыз керек. Түркі бірлігі – күндерің күнінде шындыққа айналатынына сенемін!».***
>
> ***Мұстафа Кемаль Ататүрік, 1933 ж .***

Ататүрік айтқан осы «көпірлер» бүгінде интеграция деп аталады.

Анкара, Алматы, Стамбул, Бішкек, Ташкент, Баку, Нахечиван қалаларында өткен басқосулар түркі әлемі арасындағы байланыстарды бекіте түсті. Түркітілдес елдердің парламенттік ассамблеясы (ТүркПА, 2008 ж Стамбул), Түркі мәдениеті мен өнерін дамыту ұйымы - Түрксой,



ортақ мәдени-тарихи мұраны зерттейтін Түркі академиясы құрылды. Мәдени-тарихи, гуманитарлық бағыттан бөлек, түркі әлемінің мүдделерін қорғау, құрлықтың ішінде орналасқан елдердің теңізге шығу мүмкіндігі, «Жібек жолы» жобасының көліктасымал ресурстарын пайдалану мәселелері –маңызды.

«Алтау ала болса, ауыздағы кетеді. Төртеу түгел болса, төбедегі келеді. Ынтымақ, бірлік.... татутәтті тірліктің бастауы. Тарихи тамырластық, мәдени-гуманитарлық, ғылым мен білім, сауда экономикалық келісімдердің бәтуәлі байламдардың темірқазығы-Түркістан болуы тиіс. Өйткені, бұл жер - көне түркі мемлекеттердің ежелгі ошағы әрі шыққан отаны. Түркі дүниесінің ресми орталығы болуға толық құқы бар.

Гүлжазира ҒАЛИҚЫЗЫ,
Түркістан қаласы



ӘҢГІМЕ

Фархад АСКЕРОВ,
Әзірбайжан жазушылар бірлестігінің мүшесі

Періште пердесі шешілген түн



Қыркүйек келісімен көршінің балалары тегіс мектепке ағылды. Алайда Пазылды әлі жетіге толмады деп оқуға қабылдамай қойды. Міне соған өзегі өрт боп күйген балақай күні-түні қыстығып жылаумен болды, бойды ыза кернеді. Ызаланбағанда ше?! Әншейінде әлжуаз деп, менсінбей жүрген Натиктың өзі мектепке барды емес пе? Ендеше, әділдік қайда?! Міне осындай ойдан, дәлірек айтсақ, намыстан жылай-жылай екі беті алмадай қызарып, домбығып ісіп кеткен оның осы бір халіне қараудың өзі қандай аянышты еді.

Әлі есінде, беске жаңа толған кезінде көршінің баласы мұны мектепке ертіп апарды. Сол кезде алғаш рет қоңырау дауысын естіген болатын. «Мәссаған, мынау неткен дауыс?!» деп таң қалып еді бала көңіл. Ал сол бір сыңғырлаған сиқырлы үннің ұнап қалғаны соншалық, бір ай бойы достарына мақтанумен болған еді. Және оны қайта есту үшін екі жыл күтті емес пе? Енді міне, сол армандап жүрген мектебіне қабылдамай қойды. Міне, Пазылды жеп бара жатқаны осы ой. Осы үміт. Нақтырақ айтсақ, үміттің үзілгені. Оның ауладағы шаң-топырақтың арасында отыра қалып, көз жасына ерік бергені сол. Жетіге жасы сәл-ақ жетпей қалған жеткіншектің жылаған даусын естіп, тіпті Самая мен Баллы әпкесі де жанұшыра жетіп келді. Алайда екеуінің де балалары мектепке барған болатын. Ендеше, олар Пазылдың жағдайын қайдан ұқсын? Оның соларға ұқсап таңертең ерте тұрып, мектепке барып, қоңырау сыңғырымен бірге өз сыныбына еніп, басқа оқушылармен қатар қол көтеріп, сабақ айтуды армандағанын, сол арманымен бүгін қош айтысқанын қайдан сезінсін? ды емес пе?!

Басқа балалар не сезінетінін қайдам, әйтеуір Пазыл үшін мектеп деген бейне киелі мекен ал мұғалімдер сол киелі мекеннің шырақшысы, әулиелер іспетті. Сондықтан да Пазыл көршінің балаларымен уақытты босқа өткізгеннен гөрі, сонда барғанды тәуір көрді.

Атасы мен әжесіне бұл жаңалықты «естірту» үшін Пазыл жылауын одан сайын үдете түсті. Солқ-солқ етіп, ішегін тарта жылап, сенімдірек көріну үшін тіпті арасында екі-үш рет орнынан тұра бере, қайтадан талықсып құлап та алды. Міне, осылайша бір сағаттан аса «өнер» көрсетті. Оның бұл қылығына шыдай алмаған көршілері келіп, әжесін Пазылды мектепке ертіп баруға көндірді. Бірақ мектепке бару үшін алдымен кітап, дәптер, қаламсап секілді құрал-жабдықтарды сайлап алу керек емес пе? Ал Пазылда мұның бірде-бірі жоқ болатын. Тіпті мектепке ұялмай киіп баратын жібі түзу киімі де жоқ екен ғой! Бірақ жеткіншек үшін олар аса маңызды еместей. мейлі тіпті ол жыртық шәркей, жамау жейде болса да, әйтеуір не кисе де, мектепке барып, қоңырау үнін естіп, партада отырса болды. Ол бір, екіншіден, «ананы әпер, мынаны әпер» дей берсе, әжесі оны қайтадан апарудан айнып қалуы ғажап емес қой?.. Сондықтан да үстіне барын киді де, әжесінің жанына жетіп келді. Әжесі басқа жаққа бұрылып кетер деп қауіптенген жандай, қолынан тас қылып ұстап, мектепке қарай құстай ұшты! Иә-иә, дәл қазір Па-

зыл өзін аяқ астынан қанат бітіп, көкте қалықтап келе жатқандай сезінді! Жолда кездескен балалардың бірі оған дәптерін, бірі қаламсабын ұсынып, одан сайын көңілін көкке көтерді!

Мектептің алдында оларды Ағамалы ұстаз күтіп алды. Әжесі оған болған жағдайды тәптіштеп тұрып айтып беріп еді. О, тоба, әлгіндей «жасы жетпейді» деген жоқ, Ағамалы ұстаз үндемей, Пазылды өз сыныбына алып кірді де кетті. Міне, осыдан бастап оның мектептегі өмірі басталып кетті.

Алғаш мектеп табалдырығын аттаған әр оқушы солай ойлай ма екен, әлде Пазылдың өзі ғана ма, ол жағы нақты белгісіз ,да мұғалім деген тамақ ішпейтін, артық ауыз сөз айтпайтын әулие деп ойлайтын. Тіпті нан да жемейді деп ойлаушы еді. Сонымен мұғалім деген...

Пазыл терең ойға шомып, алыста қалған балалық шағына қарай саяхаттап кетті. «Ол кезде біз мектепке білім алу үшін баратынбыз. Біліммен қатар, тәрбие де қатар жүргізіліп, адамгершілік қағидалары үйретілетін. Біздің өмірімізде мектептің алатын орны ерекше еді. Жоғарғы сыныптардың бірінде оқып жүрген кезім болатын. Әдебиет пәнінен сабақ беретін Ахмет деген ағайымыз бар еді. Бірде сол кісінің сабағы болып жатқан. Әлдебір шығарманы талдап жаттық. Ол шығармадағы басты кейіпкерді ұятты, әділетті жан ретінде бейнелеген екен. Сол кезде мен мұғалімнен:

– Ұят деген немене? – деп сұрадым.

Артқы қатарда отырған бір оқушы:

- Сол ұят деген нәрсені ешкім ешқашан көзбен көріп, қолмен ұстап көрген емес! – деп жауап берді.

Сол кезде қартаң тартқан ағайымыз ойланып тұрды да:

– Балам, ұят деген нәрсені көзбен көрудің қажеті жоқ. Ол әр адамның ішінде болуы керек. Ұят дегенді бізді сырттай бақылап тұрған бөтен бір адамның ішкі үні деп айтуымызға болады. Сол үнді ести алған әрбір адамның бойында әділдік деген қасиет пайда болады дер едім. Егер сен де сол үнді естісең, бойыңдағы кез келген нәрсеге деген құмарлықты жеңіп, тек өзіңе адал бұйырған сыбағаңды ғана алар едің. Тыйым салынғаннан бас тартып. Өйткені балалар, зұлымдық пен шектен тыс нәпсіқұмарлық ешқашан ешкімге абырой әперген емес. Жалғыз ұят қана – адамның ары да, абыройы да. Міне, адам бойындағы ұяттың дәрежесін осы қасиеттер арқылы ғана біле аламыз. Қашан да адал, шыншыл адамдар қоғамда үлкен мәртебеге ие болады. Бұл – менің жеке пікірім! – деді ұстаз.

...Бүгінде Пазылдың жасы елуде. Соның жиырма жылында осы аудандағы ең атақты мейрамхананың ұйымдастырушысы болып қызмет етті. Әйтеуір бір білетіні аталған мейрамхананың өзгелерден айырмашылығы, мұнда тек бай, ауқатты адамдар келетін. Оған негіз жоқ емес, себебі бұл жердің мәзірі бай әрі тағамдарының дәмі ауыздан кетпейтін. Содан ба, әлде басқа да себебі бар ма, бір білетіні Пазылдың да абыройы асқақтап тұр еді: келген қонақтар «әй бұл жай бір ұйымдастырушы ғой» демей, онымен жылы амандасып, күле сөйлесіп, тіпті хал-жағдайын сұрап, бәйек болатын. Кейбірі тіпті үстел басына бірге тамақтануға шақырады.

Әсіресе, бұл мейрамханада әр ай сайын және әр мерекеде жергілікті алты мектептің директоры бас қосып, әсем дастарқан ұйымдастыратын үрдіс бар еді. Олардың бесеуі мектеп директоры болса, алтыншысы интернатты басқаратын. Олар – жай ғана қызметтестер емес, бір-бірімен өте жақын достар. Сондықтан әрқайсысының туған күнін, айтулы мерекелер мен өздерінің білім саласындағы төл мерекелерін де осында атап өту үшін келетін. Бай мәзірге тапсырыс беріп, алаңсыз ішіп-жеп, армансыз тойлайтын. Алтаудың үшеуі еркек, қалған үшеуі әйелдер еді. Үнемі осылай бас қосып, бір-бірімен алаңсыз сырласып, өз «батырлары» туралы майын тамыза әңгімелейтін.

Міне, осындай керемет күндердің бірі болатын. Әдеттегідей алты дос бас қосып, кештің сәнін келтіріп отырған. Кенет солардың бірі Пазылды алдарына жайылған мол дастарқаннан бірге отырып, дәм татуға шақырды. Пазыл олармен бірге отырған бірнеше сағатта неше түрлі әңгімеге қарық болған еді. Ауызға арақ-шарап тиген соң, қызыл тілдің де тиегі ағытыла жөнелетін әдеті емес пе? Міне, мына отырған мектеп басшылары да армансыз ақтарылып, жарыса көсілді. Ана бүйірден: «Осы айда бес мың доллар пайда көрдім!» деген әңгіме естіліп жатты. Мына бүйірден: «Бұл айдағы «қонақтарымызға» алты жүз доллар сыйға кетті!» деген сыр айтылды. «Өй, сен сол «қонақтардың» «үстінен» қарайтын кураторларға кеткен ақшаны неге есептемейсің? Нағыз шығынға батыратын солар!» деп баж етті бірі.

Айтып отырған мектептері қаладағы №515 орта мектеп осы аудандағы ең үлкен оқу орны саналатын. Онда 3000-нан астам оқушы білім алушы еді. Ол жерде шәкірті үшін барын беріп, білімі мен тәлім-тәрбиесін аямайтын үздік ұстаздар қызмет ететін. Сол ұстаздардың бастамасымен әртүрлі мерекелік іс-шаралар мен ойын-сауық кештері ұйымдастырылып тұратын. Шындығына келгенде, оқушылардың барлығы бірдей білім алуға құмартып, құлшынып тұрмайтын. Бірақ арасында түрлі пәндерден олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарға ие болып, мектептің абыройын асқақтатып жүрген оқушылар да баршылық еді. Солардың осындай нәтижелерінің арқасында бұл мектеп үздіктер қатарында болатын. Жыл сайын осы мектептің бірнеше түлегі жоғарғы оқу орнына емтихан тапсырғанда ең жоғарғы ұпайларға ие болатын. Осының барлығы ұстаздардың еңбегі мен ата-аналардың арқасында деп есептелетін. Мектепті басқару ісімен директордың орынбасары айналысатын. Ал директоры Марат мырза ұжымның жалпы жұмысын қадағалап отыратын. Мектеп ұстаздарының ерен еңбегі мен оқушылардың жоғарғы көрсеткіштері үшін Марат мырза бірнеше рет мақтау грамотасымен марапатталған да. Білім саласының лауазымды қызметкерлері оның басқарушылық қабілетін үнемі алға тартып, жүрген жерлерінде өзге басшыларға үлгі ретінде мақтап отыратын. Міне, дәл осы бір кеште сол жасы елуді еңсерген Марат мырза алаңсыз көсілді дейсің бір. Енді ше, осындай кеш, мынадай достар арасында көсілмегенде, ол қайда көсілмек? Орнынан ыңырана көтерілді де, сол қолын ақ дастарқанға тіреп тұрып:

- Достар, Құдайдан жасырмағанды адамнан жасырып қайтеміз? Жақында менің сүйіктімнің туған күні келе жатыр. Ол менің қарамағымда, мектепте мұғалім болып қызмет етеді. Мен оны өте қатты сүйемін!

Мұны естіген үстел басындағы әйелдер қауымы бір-біріне көз қысып, жымыңдаса қалды. Олардың бұл

қылығын байқап қалған Марат мырза да көзін қулана қысып, сөзін жалғады:

- Мен оның әрбір туған күнінде үш жүз доллар сыйға беремін. Әрине, одан артық ақша беруге де шамам жетеді. Бірақ артық шығындалудың қажеті қанша? Міне, туған күн де жақындап қалды. Ал ақшаны қайдан және қалай табуға болады деп ойладым. Сөйтіп басым қатып отырғанда, кабинетіме бір ата-ана кіріп келді. Өзі өте ашулы екен. Баласы физика пәнінде бұзықтық жасап қойған екен. Соған шыдай алмаған мұғалім баласына қол көтеруге мәжбүр болған. Ашудан бұрқ-сарқ қайнаған ата-ана әлгі мұғалімді жерден алып, жерге салып жатыр. Ал мен болсам, сол екі ортада керемет жоспар құрып үлгердім. Ана ата-ананы сабырға келтіріп, үстелге отырғызып алдым да, әлгі айтқанының барлығын қағазға түсіріп, арыз жазып беруін өтіндім. Арызды жазғызып алдым да, ол мұғалімді заң бойынша жазалайтынымды айтып уәде беріп, шығарып салдым. Ол кете салысымен, әлгі физика пәнінің мұғалімін шақырып алып, алдына әлгінде ғана жазылған арызды тастай салдым. Ана байғұстың арызды оқып біткенге дейінгі түрін көрсең, соңына қарай тамағы құрғап, ауа жетпей қысыла бастады. Мен де қарап тұрмай, одан сайын қорқыта бастадым. «Ақымақ, не бүлдіргеніңді білесің бе? Ана бәле жоғарғы жаққа да арыз түсіремін деп қорқытып кетті! Сені жұмыстан қуғанымен қоймай, ол баланы ұрғаның үшін жоғарғы орган адамдарының сені қанша ақшаға шығындататынын білесің бе?» деп айқайладым. Ана сорлының зәресі үшты! Айтарға сөз таппай, жаны қысылды! Қорыққанынан сол жерде жүрек талмасына ұшырай жаздады!

Осы оқиғаны әңгімелеп тұрған Марат мырзаның көздері шоқтай жанып, өз-өзінен шаттанып, мәз болды. Ана байғұс мұғалімнің айлығы шайлығына да жетпейтінін, сол айлықты зарыға күтіп, сол болмашы ақша үшін бір ай бойы тынбай жұмыс істейтінін қаперіне де алатын түрі көрінбейді. Бүкіл отбасын сол айлығымен асырап отырғаны да ойына кіріп шығар емес. Тоқ бала аш баламен ойнаушы ма еді?! Енді ол байғұс мұғалім жар құлағы жастыққа тиместен ақша іздеуге мәжбүр болып шыға келді емес пе?! Мұның барлығы өзіне құрылған қақпан екенін ол сорлы қайдан білсін?! Бар есіл-дерті мына жұмысынан айырылып қалмау ғой. Әрі әлгі баланы ұрғаны үшін өзін өзі мүжіп жеп те барады. Ол бала болса, сотқарлық танытып, мұны мәжбүрлегенін де ұмытып та кетті. Бірақ мына Мараттың сөзіне сенген байғұс физика мұғалімі болған оқиғаның бәріне тек өзін ғана кінәлап, өкініштен өзегі өртенді. Әйтсе де...

Марат мырза темекінің түтінін құшырлана сорып, оны қайтадан жоғары қарай будақтатқан күйі әңгімесін жалғады:

- Қорыққаннан ба, әлде ызадан ба, ана байғұс күзгі жапырақтай қалтырай бастады. Мына тірлікті үйтіп-бүйтіп шешіп беруімді өтініп, жалынды. Маған керегі де осы еді. Екі мың доллар алып келсең, түк болмағандай жауып тастауға болады дедім. Байғұстың қорыққаны сонша, арадан екі күн өтті ме, өтпеді ме, әлгі айтылған ақша менің үстелімнің үстінде жатты ғой. Ал мен сосын не істеді дейсіздер ғой? Әлгі бұзық оқушы бар емес пе, соның ата-анасын шақырып алдым да, есіктен кірген бойда қатулы қабақпен қарсы алдым. Сосын қасы алдыма орындыққа отырғызып қойып: «кінәнің бәрін өз балаларыңнан іздеңдер» Оған жалпы қандай тәрбие беріп жатырсыңдар? Егер дәл осы әрекет тағы да қайталанатын болса, айтпады демеңдер, мектептен шығарам да жіберем!» деп жұдырығыммен үстелді қойып қалдым. Нәтижесінеде, жоқ жерден қалтаға екі мың доллар түсті. Соның шетінен достар боп дастарқан жайып, тойладық. Үш жүз долларын әдеттегідей сүйіктіме сыйладым. Ал әйеліме бірнеше қымбат көйлек пен сәнді туфлилер алып бердім. Мырзалар, көрдіңіздер ме, ақшаны осылай табу керек! Хаха-ха!...

Осылай өз ісіне масаттанған Марат мырза қарқылдап күліп алды да, бокалын жоғары көтеріп:

- Достар, мен бұл тостты бізді жоғарыдан бақылап, бүкіл кемшілігімізге көз жұма қарап, қорғап жүрген ізгі жандар үшін көтергім келеді!

Директорлар өре түрегеліп, жапа-тармағай бокал қағыстырып:

- Өте дәл айтылған тілек! Мұндай тілекке ішпеске болмайды!- деп мәз болды.

Бокалдарын төңкерген соң алдарындағы дәмге қарай ойысты. Бірнеше минуттық тыныштық орнады. Үнсіздікті тағы да Марат мырзаның өзі бұзды, шамасы жаңағы бір оқиғаны өзінің ақша табу шеберлігін паш етуге жеткіліксіз деп тапты-ау, келесі бір әңгімеге көшті:

- Мен мектебімде өз заңымды орнатып, сол заң бойынша ақша тауып жатырмын. 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесінде бүкіл ұстаз жиналып, менің кабинетіме келеді. Мен оларды жеке-жеке қабылдаймын. Олардың әрқайсысы менің үйде отырған әйелімді құттықтап, оған арналған сыйлықтарын табыстап кетеді. Ал сыйлықтары қандай дейсіздер ғой? Әр мұғалім елу доллардан жинайды. Және оған қосымша дайындаған сыйлықтары өз алдына. Мәселен, өткен жылы мерекеде олар маған қырық тоғыз қымбат әтір беріп кетті. Оның сегізін әпке-қарындастарыма, әйеліме сыйладым. Ал қалғандарын танысым арқылы дүкендерге өткізіп жібердім. Міне, осылайша мен бір ғана әйелдер күнінің өзінде-ақ қаншама ақшаға ие болып шыға келемін!

Әріптесінің мына әңгімесін естіген №528 орта мектептің директоры Муталик мырза қанаттанып кетті. Бұл кісінің әкесі де сол мектепті ұзақ уақыт басқарған болатын. Онымен бірге қызмет еткен мұғалімдер әлі күнге дейін ол кісіні қатал, тәкаппар, мансапқұмар адам ретінде еске алады. Ол зейнетке шыққан кезде барлығы оның орнына басқа бір мейірімді адам келетін шығар деп үміттенген болатын. Бірақ өкінішке орай, олай болмай шықты. Әкесі өз орнына осы Муталикты қалдырудың бүкіл жолын іздестіріп, ақыры дегеніне жеткен еді. Муталиктың жұмыс істеу әдісінен хабардар мұғалімдер жақсылық атаулыдан күдерін үзуге мәжбүр болды. Ол мектепті қасиетті білім ордасы ретінде емес, ақшаны күреп табатын алтын балық есебінде көретін. Яғни, «қайтсем оқушыларға жақсы білім беріп, тәрбиелі етіп шығарам?» деген жоқ, бар есіл-дерті кімнен қанша пайда түсіруде болды. Сырт қарағанда сондай мәдениетті, тәртіпті жан болып көрінеді, ал шын мәнінде, міне өздеріңіз көріп отырғандай нағыз тұрпайы, өзімшіл, қытымыр, бас пайдасы үшін неше түрлі жауыздыққа баратын сұмпайының нақ өзі болатын. Қарамағындағылармен сөйлескен кезде тіпті алдымда адам отыр-ау деп басын көтеріп те қарамайтын.

Соған қарағанда, сірә қасындағы адамның әңгімесін тыңдау қасиеті де дарымаған-ау. Әлде, өзінше оларды адамсынбай ма... Бірақ сонысына қарай, ұжымда оның абыройы да жоқ еді. Қол астындағылар тек қорыққаннан сыйлайтындай сыңай татытатын. Қолдарынан келсе, эттең сондай бір күн туа қалса, осы бір жексұрын, ұятсыз немені қызметінде бір күн де ұстамас еді-ау. Тіпті кеткен күні ұжым жабыла тойлауға әзір десек те, артық айтпаған болар едік.

Бәрін қойшы, байғұс білімді, әрі сол білімін шәкіртіне аямай беруді армандайтын нағыз ұстаздар үшін мұндай басшымен бірге қызмет ету азаптың азабы болатын. Әбден жауыр болған байғұстар жаңа басшының келуін зарыға күтіп жүргелі қай заман! Бірақ әзірге олардың бұл ниеті тек қана бос арман болып қалуда. Міне, сол Муталик бокалын жоғары көтере:

- Апырай, әріптес! Сіз не деп тұрсыз? Менің қарамағымдағы ұстаздар ешқашан өзімбілерменге салынып, еркімен кеткен емес! Мен олардың жанын қинаймын десем де болады. Өйтпегенде ше?! Жанды қинамай, мол табысқа жету мүмкін емес! Бауырым, мен Сізге шынымды айтайын, мақсатыма жету үшін кез келген тірлікке баруға дайынмын! Сол жағынан алғанда, осы жердегі ең табысты адам, Сіз емес, мына мен сияқтымын. Егер қаласаңыздар, мен Сіздермен мұның аздаған құпиясымен бөлісе де аламын, - деді.

Жиналғандарға да керегі сол емес пе, «әрине, әрине» десті. Бұл сөз онсызда мақтаншақ Муталиктің қос қолтығына су бүркіп жіберді.

– Мен жаңа оқу жылының басында әр мұғалімге тиісінше он сегіз сағаттан бөліп беремін. Одан артық сағатқа ие болғысы келгендер менің жеке қабылдауыма жазылады, – деп бастады ол әңгімесін, – сосын өзі үшін сағат сұраған мұғалімдердің әрқайсысынан 200-300 доллар аламын. Содан соң ғана тағы бес-алты сағат қосып беремін. «Еңбек етсең, емерсің» демекші, осылайша, олар да риза, мен де риза. Солайша, менің оқу жылының басындағы табысымның өзі 5-6 мың долларды құрайды. Бұл тек басы ғана, одан басқа тағы да көптеген пайда табатын жолдарым бар. Айталық, біраз мұғалімнің басын жинаймын да, олардың сыныбындағы ауқатты отбасынан шыққан балаларының бағасын төмендетіп қоюды тапсырамын. Мәселен, егер «үздік» деген баға алғалы тұрса, «жақсы» немесе «орташа» деген бағаға түсіріп тастайды. Сол кезде олардың ата-аналары екі өкпесін қолға алып, мектепке қарай ұшып жетеді дейсің. Әсіресе, жоғарғы сынып оқушыларының ата-аналары балаларының бағасын көтермелеп беруімді өтініп, безек қағады. Міне, дәл осы ұрымтал сәтті пайдаланып, мен оларға өз «бағамды» айта қоямын. Арасында ұят- аят туралы айтып, мылжыңдайтын ата-аналар да табылады. Ондай жағдайда әлгі оқушының мұғалімін шақырып алып, болашақта дұрыс бағалауын өтінемін. Айта кететін тағы бір жайт бар. Біздегі есепші – менің өз адамым... Ол әр мұғалімнің жалақысынан ай сайын бес-он доллар ұстап қалып отырады. Ол ақша біздің «есепшотымызға» жіберіледі. Әрине, қайтарымсыз. Бұл әдістен Сіздер де хабардар шығарсыздар? Ал ақылы еңбек демалысынан отыз-елу долларға дейін әлгі «есепшотқа» жіберіліп тұрады. Бірде мұғалімдер кеңесі кезінде арамыздағы бір мұғалімсымақ:

– Осы білім саласында жұмыс істеп жүргеніме отыз жыл болды. Бірақ мен мынандай ұятсыз, жексұрын, түкке тұрғысыз адамды бірінші рет көріп тұрмын! Сен адамдық қасиетіңді жоғалтып, тексіз біреуге айналып шыға келдің! Сендей адамды кездестірген емеспін! Сенің үстіңнен қай жерге шағым түсірерімді де білмеймін! Себебі қай жерге қандай шағым түсірсем де, судан ақ, сүттен таза боп шығатыныңды білемін! Менің өзімді кінәлап, жұмыстан қуып шығатыныңды да білемін! Құдай жазаңды берсін! – деп, бетіме былш еткізбесі бар емес пе! Айтарын айтып болды да, жиналыстан шығып, кетіп қалды. Мен мұндай жағдайға тап болам деп, өңім түгілі түсімде де ойлаған емеспін. Оны сымен қоймай, жоғарғы жаққа арыз түсірді. Сонда ғана біраз шақшадай басым шарадай болып, ары-бері біраз сандалуыма тура келді. Әр кабинеттің есігін қағып, ит әлекке түстім. Олардың әрқайсысының көмейін толтырамын деп, біраз шығындалдым. Олардың барлығын айтып, бастарыңызды қатырмай ақ қояйын. Қысқасы, үйтіп-бүйтіп, барлығының ауыздарын жауып тастадым ғой. Соңында әлгі мұғалімнің осыдан бір жылдай бұрын қатты күйзеліске душар болып, психикалық ауытқуға ұшырағанын «дәлелдеп» шықтым. Әрине, дәлелдеуге біраз қаражаттың кеткені бесенеден белгілі емес пе... Мен қарамағымдағыларды бір шыбықпен айдайтынымды айтып кетіп едім ғой. Міне, соның пайдасы тап осы кезде тиді. Себебі ол байғұстардың бірде-бірі жұмған ауыздарын ашуға да қорқып, маған қарсы келе алмады. Мен оларды адам құрлы көрмесем де, олар маған қарсы келуге өлердей қорықты. Міне, мен мына бокалды сол ұжымның денсаулығы үшін көтергім келеді! Солар мені қорғап қалмағанда, ендігіде мен темір тордың арғы жағында жатар ма едім?... Муталик осыны айтты да, «болдым» дегендей орнына отыра кетті.

Ал, №632 орта мектептің директоры Сона ханым жымыңдаған күйі әріптестерімен бокал қағыстырып, шарапқа ернін ғана тигізіп, дастарханға қайтадан қоя салды. Достарының бүгінгі көңілсіз әңгімелері оған аса қатты ұнап тұрған жоқ еді. Үстелге шынтағымен сүйеніп, денесін тіктеген күйі екі қолымен бетін басты. Оның бұл қылығын қуаяқ Марат мырза байқап қалып:

– Сона, сенің бізге бірдеңе айтқың келіп тұрған сияқты ғой? – деп отырғандардың бүкіл назарын сонда аудара қойды.

– Құдай ақы, сендердің мына әңгімелерің мені таңғалдырып жатыр! Өз бастарыңа өздерің қиындық туғызардай не көрінді сендерге? Сендермен салыстырғанда, менің шаруам дөңгеленіп, тасым өрге домалап тұр екен ғой! Меніңше, Сіздерде де дәл мендегідей жағдай болуы мүмкін. Тек Сіздер істің көзін таппай жатқан сияқтысыздар. Мәселен, әрбір жаңа оқу жылында менде екі он бірінші сынып болады. Олардың көбісі қосымша сабақ алып, негізгі сабақтарына, яғни мектептегі сабақтарына қатыса бермейді. Мен оқу жылының басында-ақ әр ата-анадан 1000 доллардан жинап аламын. Не үшін? Балаларының болашақта қатыспайтын сабақтары үшін. Егер ол ақшаны бірден тауып бере алмаймыз дейтіндер болса, әр айға бөліп төлеуге жағдай жасаймын. Нағыз керемет табыс көзі емес пе?! Әрине, арасында балалардың сабаққа қатысуын бақылаушылар келіп қалатын кездер болады. Бірақ біз саспаймыз. Одан да құтылатын жолды қарастырып қойғанбыз. Ондай кездері сабаққа қатыспаған оқушыладың орнына оныншы сыныптың балаларын әкеліп, отырғызып қоя саламыз. Мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен

бұл мәселені жақсылап ақылдасып алғанбыз. Тексеріп келгендер кете салысымен, әлгі оныншы сыныптың оқушыларын қайтадан сыныптарына жібере қоямыз. Барлық жерде заң бойынша әрекет ете білу керек. Бақылаушылар да көктен түскен жоқ қой. Он бірінші сыныптың оқушылары сабаққа қатыспайтынынан олар бейхабар деп ойлайсыз ба? Олардың да құлқыны бар дегендей... Бірақ бастысы, маған келген бақылаушылар үнемі риза болып аттанып кетеді.

Жалпы, біздің мектебіміздің Сіздердікінен әжептеуір айырмашылығы бар. Білесіздер ме, біріншіден мектебіміз ең бір көрнекі жерде орналасқан. Әрі көлемі де біраз жерді алып жатыр. Май шелпекке тап болғанымды сезіп, бірден әрекетке көштім. Себебі мен ол әрекетке бармағаныммен, басқа біреу алдымды орап кетер еді. Осыдан біраз жыл бұрын төрт адамды тауып, солардың әрқайсысына бос жатқан жерден төрт сотықтан сатып жібердім. Әрине, өте қымбат ақшаға. Олар да өте ауқатты жандар болатын. Осы жерге көптен бері көз тігіп жүргендіктен, сұраған ақшамды ұстата қойды. Артынша әрқайсысы осы жерге екі-үш қабатты виллаларын салып та үлгерді. Осы күні кабинетімнен сол үйлерге қарап тұрып, көңілім көтеріледі.

Жалпы, қай іске болсын мен мұқият дайындаламын. Құжаттарын да реттеп барып кірісемін. Сол жерлерді сату үшін біраз шенеунікке жолығуға тура келді. Ол жерді сатып алғандар да осал адамдар емес қой. Менің біраз құжатыма көмектері тиіп келеді. Айналамызда әсем виллалар пайда болды. Олардан түскен ақшаға орталықтағы жаңа құрылыстан үш бөлмелі пәтер мен ұлыма қымбат көлік алып бердім. Қазіргі уақытта қаланың әр жерінде екі пәтерім мен екі сауда орталығым бар. Әрине, арасында Сіздер сияқты майдашүйдемен де айналысатыным бар. Бірақ мен Сіздермен әлгіндей қомақты шаруаларыммен бөлісуді жөн көрдім, – деп біраз насаттанып алды. Алайда, айтарын айтып алып, артынша жанарына үрейлі ұялады. Сөтті де, отырғандарға бір қарап алып,

– Айтпақшы, бұл жерде айтылған әңгіме өз арамызда қалады деп үміттенемін, – деп, даусын нығырлай аяқтады сөзін. Содан соң жалма-жан ол қорқынышын жуып-шая, бокалын жоғары көтере:

– Мен бұл тостымды осы ауданның үстінен қарап, бізге барынша жағдай жасап отырған жарылқаушыларымыз үшін көтергім келеді! Себебі солардың «мырзалығының» арқасында өз басым әлгіндей табысымнан бөлек, биыл мектептің күрделі жөндеуіне бөлінген ақшадан біраз пайда көрдім.

Осы сөзді айтқаны мұң, әлгі отырғандардың бәрі оған «қалайша?» дегендей сұраулы жүзбен жалт қарады. Соған мәз болған Сона қулана жымиып алды да, сөзін одан әрі жалғады:

– Жә, жә, жарайды түсіндім, бұл мақсатқа да қол жеткізу құпияммен бөлісе кетейін. Сонымен, маусым айында мұғалімдерді жинап алдым да, жазғы демалысқа кетпей тұрып, әрқайсысының өз сыныбының қабырғаларын ақтап, еденін сырлап кетуін тапсырдым. Әрине, өз ақшаларына. Мұғалімдер бұл тапсырмамды мүлтіксіз орындап шықты. Мектеп күрделі жөндеуден өтті ме, өтті. Ендеше, оған бөлінген қаржы қайда кетеді? Әрине, мына менің қалтама. Міне, Сіздер де осылай мақсаттарыңызға жете аласыздар!

Осы сөздерден кейін Сона бокалын түбіне дейін сарқып ішіп қойды.

Сөйтіп еді, мына жақтан манағы мақтаншақ Муталиктің даусы саңқ ете түсті.

– Қымбатты Сона ханым, Сіз бізді олай қатты уайымдамай ақ қойыңыз. Мақсатқа жету жолында біз де Сізден қалыспаймыз. Сондықтан, Сіз бұл жолда жалғыз емессіз – деді. Сөйтті де, жанындағыларға қарап, көзін бір қысып үлгерді.

Араның ұясындай құжынап, бірімен-бірі сөз жарыстырып, «кім ақылды?» дегендей ашыла сайранған ұстаз-сымақтардың арасында №599 орта мектептің директоры Кемран мырза да бар еді. Осы отырыс басталғалы әріптестерін мүлдем жақ ашпай, өзгелерді үнсіз тыңдап отырған тек сол ғана еді. Ондағысы «әулиелігінен» емес, осында отырған барлығының тірлігі өзімен салыстырғанда түкке тұрғысыз екенін білгеннен. Себебі Кемран мырза бүкіл ауданға өзінің заңсыз әрекеттерімен, ойына келгенді істемей тынбайтын ессіз есерлігімен белгілі болатын. Ақшаға құныққаны соншалық, тіпті түйені түгімен жұтуға дейін баратын. Дәл қазір ол бірақ шашын қолымен тарақтап, желкесін уқалаған күйде оң қабағын керіп, өте байсалды қалып таныта қалыпты. Сірә,сонысымен әріптестерінің алдында өзін тым маңызды да маңғаз етіп көрсеткісі келсе керек. Тамағын жібіту үшін алдындағы шараптан бірнеше рет ұрттап алып, асықпай, маңғаздана орындығынан көтерілді. Әйтсе де, осы тұста ол да көтерілді орнынан.

– Осыдан алты жыл бұрын қазіргі мектебіме басшылыққа сайланғанымды білесіздер. Келе сала мен де мұнда өз заңымды орнатуға кірістім. Соның арқасында қазір барлығы менің қалауым мен заңдарыма бағынады. Біздің мектепте қазіргі таңда 1200 оқушы білім алуда. Мен осы қызметке кіріскен кезде бұл жерде алпыс шақты мұғалім қызмет ететін. Солардың он-он бесі өздерінше менің тәрбиеме көнгісі келмей, қыңырлық танытты. Іштей «Жарайды, кім-кімді жеңетінін уақыт көрсетер. Мен де сендерге көресіні көрсетермін» деп ойладым да қойдым. Сенесіздер ме, бір мектепте 60 мұғалімнің 50-і әйел екен, қалған 10-ы ғана еркектер болатын. Оқу-тәрбие ісі жөніндегі және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларым еркектер екен. Жоғарғы жаққа хабарласып, дереу сол орынбасарларды орнынан алып тастағым келетінін айттым. Олар да келісе кетті. Қуанышым қойныма сыймай, дереу сол шаруаға кірістім. Мұғалімдер кеңесінің екінші отырысында өзіме жағымпазданып жүрген екі әйел мұғалімді босаған орынбасарлық қызметке ұсындым. Әрі олардың біліктілігін көтеруді де қоса ұсындым. Сонымен, әлгі екі ханым сол күннің ертеңіне ақ қызметтеріне кірісетін болды. Ал бұрынғы екі орынбасар менің үстімнен шағымданатындарын айтып, қорқытып кетті. Мен оларға өзімнің басшы ретінде қай қызметке кімді отырғызатынымды өзім шешетінімді ескерттім. Олар да өршелене маған ұят туралы айтып, мылжыңдады. Адамда ұят деген нәрсе болуы керек деді. «Жарайды, мен ақ ұятсыз бола салайын. Ал сендер ұяттарың қысып бара жатса, мұнда мылжыңдап уақыт өткізгенше, сыныптарыңа барып, сабақтарыңа кірісіңдер!» деп кабинетімнен қуып шықтым. Менде мектептегі түрлі үйірмелер мен факультативті сабақтарға бөлінген біраз қаржы сақтаулы тұр еді. Мен енді «Ұстаздар күні» мерекесіне сыйлық алуға деп арнайы ақша жинатуға кірістім. Әрине, ол ақшаны оқушылардың ата-аналары

жинап беретіні айдан анық емес пе? Сондықтан мен қызметіме кірісе сала әуелі бұл мектептегі ата-аналардың қызметі туралы ақпарат жинай бастадым. Себебі әр мектепте сабаққа қатыспай, бұзықтық істеп, тәртіпке бағынғысы келмейтін ерке-сылқымдар кездеседі емес пе? Олар сабақ оқып, қиналғысы келмейді. Болашақта ата-анасы кез келген жоғарғы оқу орнына ақшасын төлеп тұрып оқытарына еш күмәнданбайды. Міне, мен сондай балаларды көздедім. Оларға әдейі «екі» деген баға қойғызып, жиналыс ашып, шешуші емтиханды күзде тапсырып тастау керегін ескерттім. Егер сол емтиханнан өтпей қалған жағдайда аттестат ала алмай, келесі жылға қалып қоятындарын айтып қорқыттым.

Келесі күні-ақ әлгі оқушылардың ата-аналары мектепке қарай құстай ұшып жетті. Мен олардың әрқайсысынан 1000 доллардан алып қалдым. Олар үшін мың доллар деген түкке тұрғысыз ақша емес пе? Қолға ақша тиген соң мұғалімдерді шақырып алып, әлгі оқушыларға «екі» емес, «үш» қойып, келесі жылға қалдырмауларын тапсырдым. Ал ата-анасы келіп, менімен жолықпаған бес оқушы бар еді. Оларға аттестат бермей, өздерін келесі жылға алып қалдық. Сол ата-аналардың бірі мектепке келіп, айқай-шу шығарып кетті. «Сендерде ұят деген нәрсе бар ма? Әділдік дегенді ұмытқансыңдар!» деп, ауыздарына келгенді құсып кетті. Мейлі, мен ондай мылжыңдаған әңгімелерді құлағыма да ілмеймін. Қайдағы ұят?! Мен ғана ма екенмін ұяттан безген? Қайда барса, онда барсын! Барлық жерде осындай!

Сонымен мен ары қарай не істеді дейсіздер ғой? Оқушыларды тоғызыншы сыныптан оныншы сыныпқа көшіруде «қатаң заң» орнаттым. Ол заң бойынша, «үштік» бағаға оқитындар үшін оныншы сыныпта орын жоқ деген үкім шығардым. Тоғызыншы сыныпты аяқтағалы тұрған оқушылардың ата-аналарына жиналыс жасап, жаңа заңмен таныстырдым. Әрине, ол байғұстардың қандай күйде болғанын елестетіп отырған шығарсыздар? Менің алдымда құрдай жорғалауларына тура келді.

Бірақ осы жерде айта кететін нәрсе, біздің мектептің оқу үлгерімі керемет деп мақтана алмаймын. Тіпті оқушылардың көбі сауатсыз, білім деңгейі өте төмен еді. Олардың 70 пайызға жуығы мектепке білім алу үшін емес, амалдың жоқтығынан келетін. Ал білім саласында көрсеткіш деңгейінен қалып кетуге тағы да болмайды. Сол үшін көп жағдайда деңгейі өте төмен балаға «үш» деген баға қойып, келесі сыныпқа сүйрелегендей етіп алып барамыз.

Кемран мырзаның осы жүрекжарды әңгімесінің осы тұсына жеткен кезде жанындағы достары қолпаштап:

– Әрине, әрине, онсыз болмайды ғой! – десті.

Кемран мырза бокалға шарабын толтыра құйып алып:

– Мен осы бокалды біздің кейбір жомарт, өз баласынан ештеңені аямайтын ата-аналарымыз үшін көтергім келеді! Біздің осылай курортта демалып, шетел аралап, мінсіз киініп, керемет дастарқанда бас қосуымыз солардың арқасы емес пе?! Әрі сол ата-аналардың ақылды балаларының денсаулығы үшін де көтергім келеді! Жыл сайын сондай ақылды оқушылар жоғарғы оқу орнына түсіп кету үшін біздің жағдайымызды жасап, құрақ ұшып жүр емес пе? Олардың сол оқуларға түсіп кеткені – бізге де абырой! Біздің мектептің деңгейін тағы бір сатыға көтеруге үлес қосуда! Міне, осындай ақылды адамдар үшін алып қояйық!

Осы сөзден кейін барлығы орындарынан өре түрегеліп, бокалдарын сыңғырлата қағыстырды. Даяшылар да дәл осы сәтті күтіп тұрғандай, түтінге қақталып піскен хош иісті кәуаптарын алып келе қалды.

Осы тұста бокалына толтыра шарап құйған Муталик мырза орнынан тұрып:

– Құрметті әріптестер! Сіздердің денсаулықтарыңыз үшін алып қойғам келеді! Және біз тағы да біраз адамдар үшін бокал қағыстыруды да ұмытпайық. Олар кімдер дейсіздер ме? Біздің барлығымыздың ұжымымызда «көзге көрінбейтін», бірақ заңды түрде штатта бар болып саналатын қызметкерлер бар емес пе? Солай ғой? Мәселен, психолог, балалар бірлестігінің жетекшісі, лаборант дегендер? Оларға тағы да кейбір еден жуушыларды қосыңыз. Міне, осы қызметкерлердің барлығының штаты, аты-жөні бізде тіркелгенімен, ешқашан көзге көрінген де, жұмысына келген де емес. Олардың тағы да қайда, қандай қызмет атқарып жүргенін бір Құдайым білсін. Ең бастысы, сол адамдардың айлық алатын картасы менде сақталады. Осы тұста мен Сіздерге сол қызметкерлердің бірі туралы айта кетейін. Есімі – Нигяр. Ол ханым жұмысқа келмейді. Өзінің жеке бизнесі бар. Байғұстың Түркия, Дубай, Ресей аралап, бизнеспен айналысудан қолы босамайды. Бірақ ол бізде тіркеліп, тұрақты түрде айлығы жүріп тұрады. Яғни, ол айлықтың иесі кім екенін әлгінде айтып кеттім емес пе? Ол ханым барған елдерінен маған сыйлық әкеліп тұруды да ұмытпайды.

№642 орта мектептің директоры Рухсара ханым Муталик мырзаның әңгімесін мұқият тыңдап отырған. Осы сәтте көзін аудара-төңкере қылымсып, сөзге араласты:

– Құрметті менің әріптестерім! Сіздердің бағанадан бері қозғап отырған әңгімелеріңіздің төркіні маған өте таныс. Себебі Сіздер баяндаған жағдайлар біздің де мектепте айна-қатесіз қайталанып жатқан нәрселер. Бірақ менің қызмет ету тәсілімде кішкене ғана өзгеріс бар екен. Қаласаңыздар, айтып берейін. Менің қарамағымдағы қызметкерлердің ішінде өзіме етене жақын болып есептелетін 6 мұғалімім мен екі еден жуушым бар. Мен олармен өте жақсы қарым-қатынастамын. Бірақ бұл туралы біздің ұжымда ешкім білмейді. Міне, әлгі адамдар арқылы мен ұжымның арасында не болып, не қойып жатқанын тайға таңба басқандай біліп отырамын. Кімдердің мені ұнатып, ұнатпайтынынан да хабардармын. Бұл әдіс менің кадр мәселесін шешуімде ауадай қажет. Мені ұнатпай, маған қарсы әрекет етіп жүрген қызметкерлер туралы құлағдар бола салысымен, олардан құтылудың жолын қарастыра бастаймын. Жақында ғана сондайлардың бірін сылтау тауып, жұмыстан қуып жіберіп, орнына көңіліме жағатын басқа біреуді алдым. Әрине, қомақты сыйақысын қоса алуды да ұмытпадым.

Әр сыныпта болып жатқан жайттардан құлағдар етіп тұратын оқушыларым да бар. Онсыз тағы болмайды ғой. Мен басшы болғандықтан, қызметкерлер ғана емес, оқушылар арасында не болып, не қойып жатқанын біліп тұруым керек емес пе? Сол үшін әр сыныпта осындай

тыңшыларым жетерлік. Сол тыңшы оқушылар менің әлгіндегі тыңшы қызметкерлеріммен астыртын, тығыз байланыста. Міне, осылайша мұғалімсымақтар өздері сияқты сатқын шәкірттерді тәрбиелеп, даярлауда.

Рухсара бокалын жоғары көтеріп, әңгімесін жалғады:

– Мен мына бокалды осы жерде отырған барлығымыздың желеп-жебеуші періштеміз Әріп мырзаның денсаулығы үшін көтергім келеді! Барлығымыздың өз бойымызға жетер кемшілігіміз бар. Бірақ Әріп мырза соған қарамастан, ешқайсымызды ренжіткен емес. Тып-тыныш келіп, өз үлесін алып, ымжымын білдірмей жүре береді. Ол барлығымыз үшін де өте қолайлы, жайлы адам! Сол кісінің денсаулығы үшін!

Директорлар бірауыздан:

- Иә, иә, мына сөздер үшін алып қоймасақ болмайды! Әріп мырза керемет адам! Сондай керемет жанның құрметіне алып қояйық! – десті.

Марат мырзаның көзі бағанадан бері үнсіз отырған Халима ханымға түсіп кетті. Халима ханым мектеп-интернаттың директоры болатын.

– Халима ханым, ендігі сөз кезегі – Өзіңізде! – деді Марат мырза құлана жымиып.

- Иә, бағанадан бері Сіздердің әрбір сөздеріңізді мұқият тыңдап отырдым. Мен басқарып отырған интернатта бар болғаны 200 оқушы бар. Бірақ бұл жағдай менің табысты болуыма еш кедергі келтірмейді. Қалай дерсіздер? Мәселен, мен біздің интернатқа Үкіметтен бөлінген азық-түлік, шаруашылық өнімдерінің 60 пайызын қалаған жеріме сатып жібере аламын. Ал бізге жыл сайын Үкіметтен неше түрлі жиһаз, орындық деген сияқты су жаңа заттар бөлінеді. Мен оған дейін пайдаланған жиһаздарды жарамсыз деп танып, акт толтырамын да, құжат бойынша олардың көзін құртамын. Бірақ ол тек құжат бойынша ғана. Ал былайша оларды лақтырып тастауға мүлдем асықпаймын. Не үшін лақтыруым керек? Олар әлі де бірнеше жылға жарайды емес пе? Міне, сондықтан мен оларды баяғысынша қолдана беремін. Ал жаңа заттарды сатуға қоямын. Ескіден гөрі жаңа зат тез әрі қымбатқа сатылады емес пе?

Сіздер айтқан «тірі өліктер» менде де тіркелген. Сондай жиырма қызметкерім бар. Олардың айлық картасы менде сақталып, ақшалары ай сайын сол жерге түсіп тұрады. Бұл – менің табыс көзімнің әншейін бер жағы ғана. Өздеріңіз білесіздер, «Жетім көрсең, жебей жүр» дейтін ұстаныммен жүретін бай, табысты адамдар жетерлік. Яғни, жетім бар жерде садақа да қатар жүреді емес пе? Сондай ауқатты адамдар әр апта сайын біздің интернетқа қойларын сүйреп әкеліп, құрбандық шалып кетеді. Бір емес, бірнеше кәсіпкер келеді. Ал енді солардың барлығынан қанша келі ет жиналатынын есептеп үлгерген де шығарсыздар? Мен ол етті ойланбастан көршімнің ет дүкеніне өткіземін. Сол еттен түскен ақшаның жетпіс 70 пайызын өзіме алып қаламын. Міне, осылайша мұртымды балта шаппайтын дәрежеде өмір сүріп жатырмын. Алты жыл қатарынан жаңа жылды жанұямызбен бірге шет елдерде қарсы алып келеміз. Біресе Түркия, біресе Дубайда қарсы алғанды ұнатамыз. Ал жазғы демалысты Подмосковьеде немесе Трускавецта өткізіп келеміз.

Міне, бүгін мейрамханада бір үстелде бас қосқан достардың әңгімесінің сарыны осылай болған еді. Және, ең қызығы отырғандар жағалай бір-бірін қолпаштап: «Дұрыс! Жарайсың! Өмірді осылай сүру керек!» деп даурығысып жатты. Осы отырысқа сырттай қарап, бүкіл әңгіменің төркініне қанық адам: «Не деген ұятсыздық! Адамдық қасиетін жоғалтқан тексіздер!» деп жиіркенуі мүмкін ғой?!. Пендені қоя берші, оның барлығын көріп-біліп тұрған бір жоғарғы күшті айтсаңшы?!.

Соны ойлаған Пазыл бір түрлі күй кешті. Себебі әлгіндей қылықты жасау бір бөлек, оны мақтана жыр қылып айтқан адамдардың ортасына неге түстім екен деп өзін іштей кінәлап отыр. Себебі кейде қандай да бір «қылмысты» білуін білгенімен, оған куәгерлік ете алмайтын жағдайлар болады ғой, мына жағдай тап соның өзі еді. Не біреуге айта алмайды, не оларға «мұның не?» деп айта алмайды. Сондықтан Пазылға қалғаны тек бір нәрсе ғана, ол – терең ойға шому. Әйтсе де сол терең ойдың ішінде ол іштей егесумен отыр еді: «неліктен мынадай адамдар өз нәпсілерін тыя алмайды екен? Әлде ішіп-жеп, өз үлестерін қандай жолмен болса да жымқырып қалу, жемқорлыққа тойымсыздықпен құныға кірісу бұлардың әбден қандарына сіңіп кеткен бе?! Бұлар үшін ешқандай шектеу, шекара деген ұғым қалмағаны ма?. Осындай бассыздықтың, былықтың барлығы анау-мынау емес, мектепте болып жатқаны қалай?! Неге?! Қалай?!» деп жаны шырқыраумен болды. Және ол аздай, бүгін бірер сағаттың ішінде мына үстел басында естіп- білгендері оның бала кезден бері мектеп туралы қалыптасқан қасиетті ұғымының күлпаршасын шығарды ғой. Пазылға ең ауыр тигені осы болды.

Десе де, естіген-көргенінің барлығын ой сүзгісіне салған Пазыл бәрібір бала кезден өзімен бірге келе жатқан ұғымына, сол бір қасиетті ұғымына соңына дейін адал болып қалуды ұйғарды. Ол - «бәрібір мектеп – халықтың болашағы мен мәдениеті, адамгершілігі қалыптасатын киелі орын» деген ұғым болатын. Себебі адамда бір нәрсеге деген сенім болмаса, оның болашағы да бұлыңғыр. Ал Пазыл болашақты, жалпы адамзаттың болашағын осыншалық ластыққа қимайды. «Мұғалімнің бәрі бірдей мыналар секілді қорқау қасқыр, ашкөз хайуан емес, тек бүгін осында жиналғандар ғана ылғи сондай тексіздер» деп ұйғарды ол және соған сенгісі келді де. Сондай-ақ жігіт ағасы дүниенің бір орнында тұрмайтынын, күні ертең-ақ бұлардың түлкі заманы аяқталып, олардың орнын елінің, халқының ертеңін ойлайтын, нәпсісіне ермейтін ұяты бар адамдар басарына сенді. Сенбеуге хақысы да жоқ еді. Себебі ұят деген нәрсенің біржола өлуі мүмкін емес. Өйткені ол өлсе, адамдар бір-бірінің ішкі үнін естуден қалады емес пе? Пазылдың есіне сонау бала кездегі Ағамалы ұстаз, оның әдебиеттен сабақ берген Ахмет ұстазынан естіген сөзі түсті. «Ұят дегеніміз – бізді сырттай бақылап тұрған бөтен бір адамның ішкі үні» деп күбірледі содан соң өзіне өзі. Әрине, шарап ішіп, қызара бөртіп қалған әлгі ұстаздардың ешбірі оны естіген де жоқ. Естісе де оларға ол сөз өтпес еді. Тек Пазыл ұят дегеннің не екенін бала кезде санасына құйған ұстазына іштей алғыс айтты. Және мына отырыстың арқасында ол өзінің сол үнді әлі де ести алатынына тағы бір көз жеткізді...

Аударған: **Мәриям ӘБСАТТАР**

Рухани орданың жүрегі

Өткен мен бүгінгінің тарихынан сыр шертетін, рухани білімнің киелі ордасы кітапхана болса, ал рухани орданың жүрегі, әрине, кітапханашы. Ғаламтордың қарыштап дамыған заманында әрбір оқырманның жүрегіне кітап арқылы жол тауып, рухани азық сыйлау әр кітапханашының басты мақсаттарының бірі.



Кентау қаласындағы әрбір тұрғынның рухани білім алуына аянбай еңбек етіп жүрген жанның бірі Кентау қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Кокулова Гүлнар Исабекқызы. Қалың жұртшылыққа көркем мінезімен, байсалды қалпымен танылған Гүлнар Исабекқызы 1965 жылы Кентау қаласында дүниеге келген. 1983-1986 жылдар аралығында Ташкент мәдени-ағарту техникумының кітапханатану факультетінде білім алған. 1999-2000 жылдары Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің қазақ тілі және әдебиет мамандығы бойынша білімін әрі қарай жетілдіре түсті. Еңбек жолын 1986 жылдың қыркүйек айынан бастап кітапханашы ретінде бастады. Өз мамандығын жаны сүйетін әрі іскер Гүлнар Исабекқызы жаңаша көзқарастарымен кітапхана жұмысын әрі қарай гүлдендіре түсті.

Тың идеяларды ұсынатын Кокулова Гүлнар кіші кітапханашы қызметінен аға кітапханашы одан әрі әдіскер, меңгеруші, басшылық қызметіне дейін көтерілді. Отыз жылдық еңбек жолында көптеген марапаттар мен алғыс хаттарға ие болды. Атап айтқанда, 2007 жылы еліміздің Тәуелсіздік мерекесіне орай Кентау қаласы әкімі алғыс хатын табыстаса, араға төрт жыл салып Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы қарсаңында Оңтүстік Қазақстан облысы мәдениет басқармасы кітапхана саласына қосқан үлесі үшін арнайы алғыс хатын және Желтоқсан көтерілісінің 25 жылдығына орай өткізілген іс-шараларға белсене қатысқаны үшін «Болашақ» Республикалық қоғамдық саяси жастар газетінің бас редакторы «Болашақ» Республикалық қозғалысының лидері дипломымен марапаттады. 2011 жылы



«Тарих тамшылары» «Капли истории» атты Кентау қаласының 50 жылдығына және 55 жылдығына арналған кітаптардың шығуына үлес қосып, арнайы алғыс хат пен медальға ие болды.

Туған жерінің дамуы мен өркендеуіне өз үлесін қосқаны үшін Кентау қаласының Құрмет тақтасына есімі жазылды. Кітапхана саласының дамуы жолында орасан еңбегі үшін А.С.Пушкин атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхананың алғыс хатына ие болды.

Кітапхана ісін атқарып қана қоймай еліміздегі жетекші партиялардың қатарында болып, қоғамның дамуы үшін атқарылып жатқан жұмыстарға белсене араласқаны үшін Оңтүстік Қазақстан облысының «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлнар Исабекқызына алғыс хат табыстады.

2018 жылы елорданың туған күніне орай Санк-Петербург қаласының «Достояние Отчизны» коллегиясының президенті В.В.Ивонин өзінің арнайы Грамотасын табыстады.

2019 жылы Түркістан облыстық А.С.Пушкин атындағы әмбебап ғылыми кітапханасына 120 жыл толуына байланысты «Мәңгілік елдің – мәңгілік кітапханасы» атты мәдени-әдеби іс-шараны жоғары деңгейде өтуіне атсалысқаны үшін арнайы алғыс хатпен марапатталды.

Қазіргі уақытта Гүлнар Исабекқызы құрамына 39 кітапхана енген орталықтандырылған кітапханалар жүйесін басқарып отыр. Бүгінгі таңда кітапханада 590 мыңға жуық кітап қоры бар. Кітапхана ұжымы оқырманның қолындағы смартфонын бір сәтке болсын кітапқа алмастыру үшін көптеген жұмыстарды атқаруда. Мәселен, 2018 жылы кітапхана 1000 жуық іс-шараны ұйымдастырса, 2019 жылы 2000-ға тарта шараларды өткізген. Елімізде індеттің таралуына байланысты «Библиопостжобасы», «Кітапоқыпүйдебол» жобалары аясында «Менің сүйікті кітабым», «Kitap Fest», «Әдебиет ардың ісі», «Кентау 65» т.б жобалар жүзеге асқан.

«Кітап менің жан досым», «Күй менің өмірімде», «Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы ерінбе», «Менің өмірімдегі кітаптың орны», «Жанұямның бір мүшесі кітап», «Көк аспан астындағы тіршілік», «Имандылық ізгілікке бастар жол», «Жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу», «Жеке тұлғаның даму қадамдарын трансформациялау», «Әлемнің үздік 100 жаңа оқулығын бірге оқимыз», «Білімді оқырман-болашағымыз» атты тақырыпта 11 белгілі тұлғамен Facebook әлеуметтік желісі арқылы тікелей эфир өткізген.

Кітапхана ұжымы Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған «Ғылымның әр саласына мол мұра қалдырған Әл-Фараби» және Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған «Абай Құнанбаев – қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы» атты іс-шараларды түрлі форматта оқырмандарға ұсынды.

Ел Президенті Қасым–Жомарт Тоқаевтың «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласын негізінде біршама жұмыстарды онлайн режимде атқарылды, 2007 жылы ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы мен ҚР Кітапханашылар Ассоциациясы бастамасымен жарияланған «Бір-ел, бір- кітап» атты акциясы бойынша Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман -эпопеясы және Әнуар Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» негізінде бірнеше жұмыстар атқарылды.



Гүлнар Исабекқызының бастамасымен қолға алынған «Әжемнің ертегісі», «Кентау көшелері», «Саяхаттаушы кітаптар» жобалық бағдарламалары жыл бойы қалалық «Әжелер алқасымен» біріге жұмыс жасау арқылы бүлдіршіндердің рухани білім алуына өз септігін тигізді. Аталған жобалардың ішінде «Кентау көшелері» өз нәтижесін жоғары деңгейде көрсетті. Жобаның арқасында әр көше тұрғындары өз көшелерінің аты жайлы көптеген қызықты мағлұматтар алып, алғыстарын білдірді.

Қазіргі уақытта кітапханада «Кітапханадан тыс қызмет көрсету бөлімі» ашылған. Бұл қызметті өздігінен кітапханаға келе алмайтын тұрғындар, яғни, мүмкіндігі шектеулі жандар пайдалана алады.

Сонымен қатар, кітапханада Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында «Туған жер» бағдарламасы бойынша «Руханижаңғыру орталығы» мен «Білім орталығы» ашылған. Бұл орталықтарды ашудағы басты мақсат – қала тұрғындарының бос уақытының тиімді өтуіне жағдай жасау. Мұнда келген көпшілік өзіне қажетті ақпаратын алып қана қоймай достарымен сұхбаттасуға да мүмкіндігі бар.

Осы жылы Гүлнар Исабекқызының басшылығымен «Бала шақтан болашаққа кітаппен» атты жоба өз шымылдығын түрді.

Қазіргі таңда оқырманның талабы өте жоғары. Мемлекеттік тапсырыстан және жергілікті бюджеттен бөлінген қаржыға кітіапханадағы кітаптар қоры әр тоқсан сайын жаңарып отырады. Бүгінде қалың оқырманның сұранысы көркем әдебиетпен қатар, психологиялық кітаптарға да артуда. Сондай-ақ кәсіпкерлікке баулитын еңбектерде назардан тыс қалған емес.

Кітапханаға келген әрбір оқырманның талабы мен тілегін орындап, рухани бағыт-бағдар беріп жүрген Кентау қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінде Гүлнар Исабекқызымен бірге өз ісінің майталмандары Мархамат Хамитқызы, Бибінұр Бердібекқызы, Ділбар Шамшиддинқызы, Жанна Сайлаубекқызы, Шолпан Аханқызы, Сах Гүлхан, Наргиза Ергешқызы, Сабира Өмірбекқызы және өзге де кітапханашылар игі істердің қасынан табылып жүр.

Кітапқа жаны құмар Гүлнар Исабекқызы «Қаратау тәжі» әдеби-шығармашылық бірлестігінің мүшесі. Ақындар мен жазушылардың еңбектерін насихаттауға арналған іс-шараларға белсене араласады.

Бүгінде Гүлнар Исабекқызы жолдасы Қайрат мырзамен Жалғас есімді бір ұлды тәрбиелеп отыр.

Өз мамандығын шексіз жақсы көріп, әр ісіне асқан жауапкершілікпен қарайтын Кокулова Гүлнар Исабекқызы расымен де өз саласының үздігі.

Гүлсім Алтайқызы





САПАР ЕРГӨБЕК АҒАМЫЗ КӨЗІНІҢ ТІРІСІНДЕ «КӨҢІЛ КҮНДЕЛІГІ» ДЕП АТАЛАТЫН ҚОЛЖАЗБАСЫН РЕДАКЦИЯМЫЗҒА ТАПСЫРЫП ЕДІ. ҚОЛЖАЗБА КӨЛЕМДІ БОЛҒАНДЫҚТАН ҮШ БӨЛІП ЖУРНАЛЫМЫЗДЫҢ САЙТЫНА (SARASOZ.KZ) ЖАРИЯЛАДЫҚ. БІР БӨЛІМІН ОСЫНДА ҰСЫНҒАНДЫ ДҰРЫС КӨРДІК. МАРҚҰМ АҒАМЫЗДЫҢ АМАНАТЫНА АДАЛ БОЛСАҚ ДЕГЕН НИЕТТЕМІЗ.

ӘКЕНІҢ МАЛЫ – Жетім жақы

Әкем қайтыс болғанда, артында алды сегіз жасар, арты мен алты айлық, төрт ұл қалғанбыз. Өрісте жүретін ірі қара мен жылқыларды тегіс ұры алған. Ешкім обал-сауапқа қарамаған. Жетім қалған шиеттей бала-шағаның малы ғой бұл демеген. Анамыз Бибайша өрістен күнде кешкісін келіп тұратын уақ малға еге болып қалуға тырысқан. Көшпелі қазақ Құмнан Сыр, Сырдан Түркістан онан Арыс, Шәуілдір деп қайда көшсе де анамыз сол уақ малының кәрісі мен еркегін байлап, бірін азық, бірін ақша қылып, қалғанының өсімін сақтап, біздің керегімізге жарата білді ғой. Соған да шүкір. Шүкір демеске не шара. Анамыз жұмыссыз. Қалғанымыз жұмысқа жарамсыз. Әлі буыны қатпаған бала-шаға. Жәрдем ақы жоқ. Қарастырылмаған. Ешкім қарастырмаған. Тек шаруа ана қайраты. Құдай өзі қуат берген ғой ол кісіге. Қуатпен қатар Құдайға деген қайтпас, мұқалмас сенім берген. Сол сенімімен анам қандай қиналғанда да Аллаға шүкірінен танған емес. Құдай жеткізеді дейді. Құдай жеткізеді. Анаммен құдіреті күшті Алласының арасында жүректегі берік сенім арқылы орнаған ұрухани байланыс желісі жалғасып, өзара үндескен үйлесім өле-өлгенше үзілмегендей көрінеді маған. Менің анамның алға қарыштап қадам басуы сол сенім, сол үйлесімнен бастау алып тұрған-ау десем болатындай. Айтқым келіп отырғаны, менің перзенттік кеуілім анамды ұлықтай бергісі келеді. Әрқашан ардақ тұтып, Көкке көтеріп қастерлеп өткісі келеді де тұрады. Бірақ, анамды ұлықтаймын деп күпірлікке кіріп, анамды ардақтаймын деп Аллаға асы болып қалып жатқаным жоқ па деген ой кеуілге күдік ұялатады. Өйткені менің асыл анам маған асыл, Аллаға бір бәндә. Алланың бәндәсі. Әйтсе де Алланың сол бәндәсі менің жүрегімдегі сырлы суреті ешқашан өшпейтін асыл анам болып қала береді.

Арада жыйырма екі жыл өткенде өлі әкемнің тірі малын, өлінің тірі, тірлігін жалғайтын ұрпағы үшін жыйған малын, біздің жылқыларымызды ұрлаған кісінің өзі, атақты бай, ұруы қоңырат, оның ішінде көтенші, көтеншінің ішінде маңқытай Әбдақ келіп марқұм Әмірбек ағама:

- Жеті ту бие байлап отырмын. Соның ішінен қалағаныңды алып кет, - деп айтып кетуі қызық-ақ. Әр түрлі ойларға жетелеп кісіні әуре етеді. Санасын саққа сандалтып...

О кезде біз Алматыдамыз. Оқуға кеш түскен үлкен ағам, кейінгі атақты фотожурналист, фото арқылы әлеуметтік, фәлсапалық идея мен көркем ой айтудың хас шебері, кейде, кей жарияланымдарында өзін бабасының атын пайдаланып Бердіғожин деп беретін Берсінбек Сәрсенов әлі студент болатын. Әкемнің екінші ұлы Құлбек Ергөбеков алдымен көрнекті қазақ совет жазушысы, халқының сүйікті қаламгері болған Сәбит Мұқановтың музей - үйінде ғылыми қызметкер, соң журналистикаға ойысып түрлі баспасөз орындарында істеп, кітап шығарып, түрлі өткір мақалаларымен көзге түсіп, танылып өсіп келе жатқан шағы еді. Үшінші ұл Сайрамбек Сәрсенов Зооветті мал дәрігері болып бітіріп, Торғай облысының бір ауданының бас мал дәрігері бо-

лып қызмет етіп жатқан кезі. Мен әлі студентпін. Сол уақыттың үлгісімен сөйлесек: КазГу филфак.

Әмірбек көкемнің айтуы бойынша әңгіменің ұзын-ырғасы былай өрбіпті:

- Түскі шайымызды ішіп, қысыр кеңеспен алаңсыз отыр едік.

– Ассалаумалейкум, - деп бір кісі кіріп келді. Қарасам Әбдақ баяғы. Тіпті күтпеген жәйт болды. Бір-бірімізді танымаймыз емес, жақсы таныймыз. Етене сырлас болмағанмен жас күнімізде бірге жүрген, бірге көкпар шапқан кездеріміз де аз болмаған. Бірақ бір Қызылқұм ауданында тұрамыз демесек, олар бір жағы құм, бір жағы Сыр дегендей алыста Апсабат сапқозында тұрады. Біз орталықта, Шәуілдірдеміз. Біздің Құмды, ондағы қиқулаған көкпарды, несін айтасың қызық дәуренді артта қалдырып, мұнда келгенімізге де талай уақыт өтті ғой. Қалай дегенде де көрмегелі не заман Құдай-ау, деп күтпегендіктен аңтарылып қалғаным ырас-ақ еді. - Жоғары шығыңыз, жоғары, - десіп қалдық. Жоғары шықты. Өзіміз жәй сораптап отырған, демін алып қалған шәйді қайта қойғызып, дастарханды қайта жайғызып, қапылысып қалдық. Ыстық шәй келді. Келген қонақпен отырып тағы шәй ішістік. Көрмегелі көп болған кісімен әңгіме қайдан өрби қойсын. Әрнені бір сұрасып отырыстық. Әрнәрсенің басын бір шалып, Қызылқұм мен Сырдың жайын, ондағы ел жайын, мал жайын сөз қылысып біраз отырыстық. Дәстүр бойынша шәй соңында шаруа сұрастық. Мен үй иесі іретінде қазақы салт, дәстүр жолымен:

- Сапар жайын айта отырыңыз, Әбеке. Біздің жаққа ат ізін сала бермейтін едіңіз, - деп сөз тастадым.

- Иә, Әбеке, ойда жоқта осылай жол шығып қалды. Мүмкін ойда жоқта дегенім дұрыс бола қоймас, дұрысы бұл сапар көптен ойда жүрген бір іс еді. Үнемі кейінге қалып, қу тірлік деп жүріп, бүгінге туры келгені дә бұ жолдың, - деп қонағым маған қарап біраз кідірістеп қалғандай болды. Айтсам ба, айтпасам ба дейтіндей емес, нақ сол «Мені айт, мені айт» деп көмейде кептеліп тұрған шаруаны айтуға арнайы сапарлап келіп тұрған кісі ғой. Қалайда айтады ғой. «Қалай бастасам екен, кәйтіп жеткізсем екен» деген, әңгіме алдындағы аз іркіліс болу керек, бар болғаны. Мен де сондай оймен оны қыстай қойғам жоқ. Ақырын күттім. Өзі ірі кісі кеудесін көтеріп, тіктеліп отырып сөзін жалғады:

- Сәрсекеңнің бала-шағасы, ағаңды айтам, үй-іші Алматы асып, көшіп кеткен деп естідім. Ырас болар, - деп сауал тастағандай болды.

– Иә, - дедім, оның сауалына жауап беріп. – Әйтеуір, дәм-тұз тартып дегендей, солай болды ғой. Алдымен ана біздің бала кеткен. Көпен. Қоймай, «Оқимын, тоқимын, тоқығанымды қағазға түртемін», - деп. «Жазғыш боламын» деп. Әуелі Құдай. Әйтпесе Алматыны кім білген. Сырда туып, Құмда өскен дегендей. Дала қазақ. Кәзір «Арада» жүр ғой. Журналды айтам. Үкіметтің атақты журналы ғой. Сонысы әйтеуір кеуілімізге дұрыс. Бізге сол өз күндерін өздері көріп кетсе болды дә. Тауып жатқан нандарынан бөліп бермей-ақ. Одан Құлбек ілесті Көпенге. Інісін жетелеп жүріп, оқуға түсірді ғой, әйтеуір. Бір-екі жыл боса да Алматыға ерте барып таныс арттырған жайы бар дегендей. Оның үстіне қаламының желі бар Көпенді қаламдас көкелері қолдап, көмектесті ғой.

Сәрсекең жарықтықтың балдары да тегіс оқымысты. Мектепті жүдә жақсы оқыды бәрі. Сүйтіп оқу деп, біртіндеп барып жүріп, ақыры көшіп тынды ғой Алматыға. Қайдам әйтеуір шешелері де соны жөн көрді. Оның үстіне бүгінгі жастар да тегіс қалашыл болып бара жатыр ғой. Қазір алды оқуын тауысып, өкіметтің жұмысын істеп жүр. Ана Құлбегі гәзетте жүр ғой. Жазғаны да шығып тұр үзбей. Жаман емес. Әйтеуір о ғып, бұ ғып ілігіп кетті ғой. Жетімдіктен жетіліп, теңеліп кетті, шүкір деп жатқаным ғой, - деп мен де біраз әңгіменің басын қайырған болдым.

- Дұрыс-деп созып қойдық қонағым. – Көпенді білеміз ғой. Жас та болса есімі елге жақсы таныс азамат болып қалды ғой балаң, Әбеке. Аман болсын. Менің келген шаруам негізінен Сәрсекеңе қатысты еді. Сол үйге, бала-шағаларына дегенім ғой. Әбеке, олар көшіп кетіпті. Оған енді амал жоқ. Алдарынан Алда жарылқасын. Енді келген шаруамды өзіңе айта берейін. Ар жағын өзің іреттерсің. Менде көптен бері Сәрсекеңнің бір-екі малы ауыс-түйіс болып дегендей жүруші еді, – деп біршама уақыт жүзін төмен салып, үнсіз отырып қалды. Сосын төмен салған жүзін қайта көтеріп: - Арада талай уақыт өтіп те кетті ғой зымырап. Ыңғайын келтіре алмай-ақ келе жатыр едім. Құдайдың бұйыртқан күні осы бүгін болғаны дә. Тап кәзір жеті ту бие байлап отырмын. Соның ішінен өзің көріп, таңдағаныңды алып кет Әбеке, - деп тоқтады бүгінде азуын айға білеп отырған Әбдақ бай. Сәбет заманының ауайын аңлап, саясатының да, шаруасының да есебін тауып мыңды айдаған байы Әбдақ сөзінен соң екеуіміз де әжептееуір уақыт үнсіз қалыстық. Екеуміз де біліп отырмыз, қайсымыз қандай ойға кеткенімізді. Ойымызға не келіп, не кетіп жатқанын. Екеуіміз ішпен біліп бір-бірімізді, көңілмен көріп, оймен оқып отырмыз ойымызды. Ойланып отырып бір шешімге келдім. Жоғалған бие, оның жанындағы өзге жылқылар жөнінде басы артық сөз қозғамасқа бекідім. Айтқанмен айтқан сөзің қалады деп түйдім. Сүйтіп бие тай-құнанымен, жабағысымен жүрген еді ғой, жыйырма жылдың үстіндегі өсімі ше деп жатпадым. Ондағым, өз аяғымен келіп тұрғанда атап тұрғанын алып қалғанды, азға да болса қанағат еткенді қаладым. Қанша жылдан кейін Құдай иіп, өзі иілгендей болып келіп тұрғанда. Тіпті Тәңір имей, Әбдақ бай иілмей қойғанда қайтер ек. Іштеңеден хабарсыз қалар едік тә, бұрынғыдай құр күдікті азық қып. Өзі қылқұйрық жарықтықты «Қуса жаудікі, ысқырса желдікі» деп бұрыннан-ақ айтып қойған ғой. Тек жетім балдардың малы еді ғой деп, көңілге ауыр алып, опынып, ұрыны сырттан сөгіп семірткеніміз болмаса.

Көкемнің сөзін тыңдап отырып, шешем

Бибайшаның көп жыл бұрын айтқан әңгімесі ойға орала беріп еді:

- Әкеңнің бір жылқысы жоғалды бір күні. Аяғынан тозып, соны көп іздеді әкең. Қайтпады. Тоқтамады. Ақыры тауып келді, ақ, адал малын. Ой, байғұс-ай десейші. Өзі соны тамаша ғып көп айтып жүрді. Сырдың қалың жынысты тоғайының ішінен тауыпты. Тоғайдың о гезде онсызда бітік өсетін ағашының басын қосып, көзге бірден ұра қоймайтын тал шарбақ істейді екен. Дайра жағы ашық болып, шөлдесе жағаға түсіп су ішетін, өз жайылымы өзінде бір ұры қора, жасыл қоршау болады да қояды екен.

- О, тоба! Байталымды сонда тығып, менің енімнің үстінен өз енін, ентамғасын салып қойыпты. Ұрының да, ентамғаның да кімдікі екенін мен жақсы білемін ғой. Анық Әбдақ қой ол. Жақсы білемін ғой. Ішкі сасық пыйғылын да, бітім болмысын да жіті таныймын ғой мен, о баланың. Байталым біраз күн тоғай қамағында болса, құлағының жарасы жазылса, иемденіп, малданып кетем деп ойлаған ғой, - деп өзінің байталын алып, үйге де соқпай бірден маңқытайлардың ақсақалы пәленше деп соған тартқанын айтып отыратын. Со гезде ел ақсақалы, жұрт ұйытқысы болып отырған қарияның алдына байталын көлденең тартып:

- Ақсақал мына жылқы менің малым. Мына ен де менікі. Ал мына жаңадан салынған ен сіздің ауылдікі. Оны өзіңіз де тап басып танып тұрсыз. Жағдайды да түсініп тұрсыз деп ойлаймын. Кімнің қолымен істелген іс екенін де шамалап тұрған шығарсыз. Мынаның ертең ені жазылады. Сонда сіздің елден мал менікі дейтіндер де табылып қалар деп келіп отырмын. Болады ондайлар. Ақсақал, мына ен сол үшін салынған, - деп, заң қуып ешқайда бармай-ақ, қазақы үрдіспен ұру ақсақалын ұруластарының қылған тірлігі үшін ұялтып, тықсырып, ұрлыққа әуес болып жүрген жастарының қылығын мойындатқызып, билік кесімін айтқызып, қайтқысы келгенін ұқтұрған. О кісі де елінің ен-тамғасын танып, іс мәнісіне көзі жетіп:

- Шырағым, Сәрсен, бар жайды ұқтым. Ұқтырдың айналайын. Тап осы жылқыны сенің астыңнан кім аударып алар дейсің, болмаса, өрісіңнен кім қуып алар дейсің менікі деп иемденіп. Олай болмасына мен кепіл болайын, Алла өмір берсе. Талайға келген жасым бар, бозқырау басқан басым бар дегенім ғой, балам. Қанша ғұмырдың қалғаны бір Аллаға ғана аян - деп ақсақал ұрулы елі, жамағат жұрты, жат пыйғылда өсіп келе жатқан жастары үшін жүзін төмен салып, әкемнен кешу сұрап аттандырып салады.

Әй, Әбдақ-ай, ол сол қарияның туған бауыры болмаса да, немере, шөбере ет жақын ағайыны ғой. Ол сол Әбдақ үшін қарт басын иді. Жүзін күйдірді. Өртеп ұяттың отына. Сондықтан соң айтыпты: Сәрсен мені қатты ұялтты. Қай иттің о тірлікті істегенін білем ғой мен. Кәйтесің, тілім тістеулі, жағым қарысулы болды ғой, менің, деп.

Шіркін, замананың данагөй қариялары-ай. Тап бұрынғыдай болмаса да. Жаудың елді есінен айырған ұзақ езгісін бастан кешсе де, кейінгі қызылдар қырғыны мен қуғынынан қаншақажыса да. Көне сана салтының желісін жалғағысы келіп, ежелгі ұлы бабалар жолының жұқанасын сақтап, ұрулы елінің жат қылығын мойнына алып, хақы иесінің алдында басын иіп.

Кешегінің көнесі тарихты жете білмейді. Ол тарихтан адасқан. Оны адастырған. Ол ежелгі ұлы қағандар мен қағанаттарды тұтас танымайды, олардың өмірлік, кісілік ұстанымы мен заңдық, әлеуметтік қағидаларын білмейді. Бірақ ол көне жолдың сорабын, бабалар салған сүрлеуді біледі. Ол оны ата жолы деп таниды. Қастерлеп құрмет тұтады. Сол жолда ұрпақ өсіріп, ұлттық өнеге өргісі келеді. Ылайым қариялар тілегі қабыл болғай... Қазақты ғасырлардан ғасырларға жалғап...

Бәндә деген бір жұмбақ. Шешуін тек Тәңір таныр, бәндә тантыр. Бәндә ойы мал, малдан түсер пұл. «Ағайын ащы, дүние тұщы», туысқан, туған бауыр сосын болсын сөз. Бәндәсі жұмбақ болған соң, дүниесі тылсым болар дә. Әй, дүние, дүниесің... Туған бауырды қайт қылған, дүние малды ыстық құштар пұл қылған, жетімдерді не ғысын...

Сүйткен малсақ Әбдақ оқыс әрекетке барды. Мүмкін әке әруағы. Тап бір тірі күнгісіндей, үнемі шырайланып, қып-қызыл болып жүретін жүзі сұп-сұр болып, тұздай көк көздері зәрдей қадалып:

- Алды сегізде, арты алты айлық шарана жетім малын не бетіңмен алдың, сен, Әбдақ?! Қалай дәтің барды, Әбдақ?! - деп жиі-жиі түнерген сұраулы жүзбен түсіне кіріп, мазасын ала берді, бәлкім. Түсіне енген әкем төбеден төніп қайта-қайта:

- Әй, Әбдақ, Әй, Әбдақ, сен менің балдарымның малын сіңіріп кеттім деп ойлайсың, жоқ жетім ақысы еш уақытта сіңбейді, сіңіре алмайсың. Мен сіңірмеймін саған. Құдай кешсе де, мен кешпеймін. Әруағым кешпейді сені, Әбдақ. Сен білесің ба, қазақ: «Құдай ұрған оңалар, әруақ ұрған оңалмас», дейді. Себебі Құдай кең, ол әрқашан кешірімді. Ал әруақ адам. Адамның ұрухтық жалғасы. Адам табиғаты қатал. Сондықтан мен де, менің әруағым да сені кешпейміз. Сен бәрібір оңбайсың, себебі сен әруақ, Құдай қатар ұратын адамсың. Қазаққа жат, тасбауыр қылығың соны меңзейді. Жүрерсің жер басып, бірақ сенің оның жүрім емес, оның сенің тірілік емес. Әбдақ, Әбдақ-ай, Әбдақ... Осылай қайталана береді. Қайталана береді... Әбдақтың шекесін қысып, өкпесін езіп, тарылтып тыныс-сын...

Әбдақ әрекетімені осындай ой шындығына жетелей береді, жетелей береді...

Түспен қабаттаса, жарыса жылжитын ойлар да жоқ емес. Сәрсеннің кеше ғана жалаңбұт шауып жүрген бірөңкей көк көз, шикі сары, ши борбай балдары да өсіп қалыпты. Көкелерінің айтуына қарағанда олар кешегі үрпекбас балдар емес. Жетілген және бәрі шетінен оқымыш. Алды кәзитте жұмыс істейді деп мақтан тұтып

отыр ана Әмірбек. Қыр көрсеткені болар оның да үндемей жүріп. Қарасайшы бәрі оқымыш, бәрі жазушы... Көпен ақын, жазушы, атақты «Ара» журналының қабағынан қар жауған қаһарлы тілшісі. Ана Сәрсеннің Құлбек дейтіні де соның жолын қуыпты. О да жазғыш көрінеді. О несі екен ай... Шетінен тілі мен жағына сүйеніп...

Совет заманының да өзіне тән «Заманам болды түлкі, шалып жүрмін болып тазы» деп күпінетін мансапқор шенеуніктері мен ұрлықпен дәулет жыйған байлары болып еді. Олар көбінесе есімсіз жазылатын ел арызы мен жоғарыдан тексеріп келетін журналистерден қатты қорқып, қадірлеп сыйлаушы еді. Алматыдан сапарлап келгенін құрақ ұшып қарсы алып, көңілге әлденендей малал кеп қаса, шаруам ауырлап кете ме деп, артынан іздеп барып, Алматының өзінде күтіп. Алматының қалам ұстаған қулары да соған әбден үйреніп алған. Ауылға келсе: «Алматыдан кеп қалдық», деп, қалада жолықса «Алматыға кеп қапсың» деп, қайсысында да өзіне қошет тілеп, үнемі дәметіп әлдене...

Қызылдың қырғын саясатының да оябын тауып, сақтана әрекет еткен о, сұңғыла қазақ совет жұрт...

Бірақ: «Әбдақ сүйтіпті, өзі келіпті мойындап, Құдай өзі беріп қалды» деп, атқа мініп, аттандай шауып, қуынған ешкім болған жоқ. Баспасөз орындарында жұмыс істеп, мұндай тірліктің талайын көріп, көрмесе ұжымында құлағы шалып жүрген Құлекең көп қопаңдады.

- Арада қанша жыл өтсе де өз аяғымен келіп, қылмысын мойындап тұрған ұры ғой мынау. Бізге осы жетеді, Биеке, - деп анамызды көп қолқалады. - Газетке үлкен етіп бір мақала жазып жіберейін. Сосын аржағы қозғалып жүре береді, - деп ұрықсат сұрап, көп өтінді. - Оның үстіне ол бие жалғыз емес, тұтас бір үйір болмасада бірнеше жылқының басы бар еді ғой, қараған кісіге сол уақыттан бері ол бірталай мал, үйір-үйір жылқы болғаны анық, - деп әке малын өсімімен қозғағысы келіп. Құлекең журналистік болмыспен әрекет етіп, кірісіп кеткісі келіп-ақ тұрды. Бірақ ондайды қазақы мұсылмандық ұғыммен иманға қас, момынға жат, бәленің ошағына ас пісіріп жейтін, советтік бәлеқорлық деп біліп, ауыр айып санайтын анам келіспей қойды.

- Әй, қойыңдар, босқа шулай бермей, - деп, Құлекеңмен бірге қопаңдап, оны қуаттап отырған бәрімізді де тыйып тастады. - Арада қанша жыл өтті. Ол мал, әкеңнің малы. Өсті ма, өшті ма, оны тек Бір Алла біледі, - деп анам ойланып, өзгеше бір ұзақ сонар әңгіме өрбіткісі келген ыңғай танытып келе жатыр еді. Құлекең шыдамай қайта киіп кетті. Қызынып:

- Апа, мен де соны айтып отырмын. Әкемнің малы жат қолда жақсы өскен-ау. Әбдақты мыңғырған бай еткен малдың бәрі болмаса да біразы біздің әкеміздің малы екені даусыз. Кірісіп кетсек, біраз жерге шабарымыз анық. Оның үстіне газеттің күшін айтсаңызшы, сіз білмейсіз ғой, ол талай жерді төңкеруге жарайды.

- Қой, шырағым, қоя ғой. Осы жерден тоқтай ғой. Кәйтесің бәле қуып. Өсер бала өнбесті қумағаны дұрыс. Ниетіңді әрдайым жақсы іске бұра бер, балам. Таза жүр, таза тұр. Бәледен аулақ боласың. Әрі жолың ашық болады, - деді анамыз Бибайша қашанғы әдетімен нәсиятын айтып. Қаламының қуатымен Әбдақ байды қирата қаламын деп ентігіп отырған ұлын бәлелі жерден аулақ ұстағысы келіп. Әрі дағды алып кете ме деп қорқып, сақтанып. - Бәледен машайық қашыпты дейді, балам. Машайық қашқан жерге ұмтылма, бойыңды тарт, - деп әңгіме арнасын уақиға бастауына бұрды.

- Біле білсең, сол малды Әбдақ алғанын мен сол кезде-ақ анық білгенмін, балам. Бәріміз білгеміз. Көзіміз жетіп тұрғанмен ұстап алар дәйегіміз жоқ. Іштен тынғамыз. Сүйтіп жүргенде Әбдақтың өзі ана Жындыға:

- Малыңның ізін сатсай, - депті. Ол болса:

-Ойбай, Әбдақ малыңның ізін ал, - деп жатыр деп, даңылдап жүр. - Ойбай, ала қалайық, - деп. Әшейін, ана Жындыны ақымақ қылғаны ғой. Алдым деп мойындаса бір сәрі. Мойындамағасын ештеңе де бермейді деген сөз. Сондықтан ізін сат дегені, іздеме дегені. Мен алдымның, іздеме, іздесең де таппайсыңның тұспалы. Содан ана Жындыға:

Қоя ғой, - дегем. Көп ұзамай бергі бетке, Күйікасарға көшіп кеттік. Одан Арыс аудық. Сонымен қалған мал ғой ізделмей. Бірақ іздегенде таптырады дейсің ба. Анық қолды болған мал ғой. Қолды қылған алушысы да мықты дә. Енді есі кіріп бір жылқы беріпті ғой өзі. Сонымен сендер де тоқтай қойыңдар. Әкелерің де түсіне кіріп мазасын ала берді ма. Жоқ әлде басқа себеп болды ма кім біледі. Әйтеуір ар жағын Құдай ғана білетін тірлік. Құдай дейік тә қояйық. Құдайға тапсырып. Кәйткенде де қуынудың керегі жоқ. Ойбай, Сәрсеннің балдары оқып-тоқып, әкелерінің баяғыда құрып кеткен малдарын қуып жүр екен дегізбеңдер. «Қарны ашқан қара дауын қозғайды» болмасын. Елді шулатып, әкелеріңнің әруағын қозғап, - деп шешем сөзінің аяғын тұйықтады. – Сосын, - деп шешеміз тағы да өзінің ежелгі әдетіне салып, ойын діни тоқтамдарымен байлап айтқысы келді ма әйтеуір, біршама үнсіз қалды. - Ол Әбдақ өз аяғымен келсе, әкеңнің малын алғанын мойындаса, бекерден-бекер мұндай іс-әрекетке барып отырған жоқ, - деп сөзін жалғады шешем өзгеше бір ойлы қалыпта. - Ол байлыққа оңай жолмен келген жоқ. Дүниенің ауыр жолынан өтіп келді. Ұрлықпен келді. Ол ардан аттап асқан жол. Дүниедегі дүние үшін жасалатын ең ауыр жол ол балам, балапандарым. Ең қыйыны сол. Ол оны жастықпен, дүние малға құмарлықпен істеді. Арада жылдар өтті. Бірақ ол жылдар Әбдақ үшін тегін өткен жоқ. Оның сырты бүтін, іші түтін. Ода ар азабы бар. Ол әкеңнің бір биесін әкеліп беруімен бітпейді. Жеңілдеуі мүмкін. Бірақ бітпейді, жан жарасы, ар азабы. Әбдақ мүмкін жылдар бойы ар азабымен алысып келеді. Ол өзімен өзі алысып келеді, - деп терең пәлсапаға кеткендей болып тұрды біздің Биекең. Анамның толғана отырып түйген түйіні адам өмірі мен болмыс түйткілдері еді. Өзегінде



малдың өлі егесінің хақы, тірі ұрпағының, жетімдерінің хақы өріліп...

- Ол өзінің ішімен алысып, арпалысып әуре. Сыртыңды жұртқа түзеп көрсетерсің, ішіңді кәйтесің. Ішің түзеуге көнбейді. Оны түзеу үшін ақ жолды мақсұт тұтқан ниет, ірі әрекет керек. Жаныңды жадыратып, кеуіліңді сергітіп, көкірегіңді ашатын. Ішіңді, өзіңнің жеке тылсым дүниеңді ауыр зардапты, толғақты ойлардан арылтатын. Ауыр жүктен жеңілдететін. Сондықтан Әбдаққа кеткен әке малын енді қозғамай-ақ қойыңдар. Ең бастысы әкеңнің жетімектеріне қалдырған малы Алла алдындағы аманат болатын. Ол сол аманатқа қол сұққан адам. Сондықтан да ол алған аманат жауабын Аллаға тапсырайық. Ол аманатттың ауыр жүгін, Алла алдындағы жауабын өзі берсін. «Қолмен істегенді мойынмен көтеру керек». Оның басқа амалы жоқ. Бірақ ол қаншалықты деңгейде осыны сезінеді, оны да өзі біледі. Бәрібір ол көтерген жүк жеңіл емес. Ол сол жүгін көтеріп жүре берсін. Ардың азапты жүгін...

Осымен әңгіме тәмәм болды. Үкім оқылды. Ана үкімі. Үкіммен үнсіз келістік.

Содан әкеміздің малының жыйырма екі жылдан соң бұйыруын-ай деп, Жұлқардың Шәуілдірдің желіне қақтырып, мейіздей қатырып,кептірген, Әмірбек көкем салып жіберген екі жілік етті жеп, ет көрсе есі шығып, дүниені ұмытатын қазақ емеспіз ба, шат-шадыман болыстық. Өйткені қазақтың құла дүзі, Қызылдың құмында тусақ та, тағдыр айдап, өзгеге кең, қазаққа тар қазақ шәрінің тірлігін кешіп, тараң тұрмысын бастан өткізіп жатқан жоқпыз ба. Әсіресе қалған он жіліктің ақшасын айтсайшы. Біраз уақыт жаратып бір жырғап қалған біздің үй.

Иә, адамзатбаласының мына қысқа ғұмыр аталатын жалғаншы жарық дүниеде бір-бірінебауырлық бейіл, туыстық сезім, адалдостық таныта алуы қыйынның қыйыны. Бәлкім Тәңір өзі келте кескен тірлікке деген пенделік сүйіспеншілігі болар, оның мезгілін кеуілде ұзақ танып. Қыймас кеуілмен ұзартқысы келіп. Бірақ, мына жарық дүниенің қысқа сәулесін соза түсу үшін де Тәңірге тәуір тірлік, тәуір кеуіл ұсыну керек болар. Бірақ көптің көңілі қараңғы, жарықтан қашқан жарқанат болмыс. Көк Тәңірінің өзі адамзатқа биік болмыс, жоғары сана сыйлаған. Бірақ, со болмыс пен со сана көп жағдайда адамзатқа бағытталған зорлыққа, адамның адамға жасайтын үстемдігіне қызмет етеді. Өйткені зорлық пен үстемдік мүлік ғашықтығының қайнар көзі. Сонысымен адами биік сана Құдай берген биігінде қала алмайды. Құлайды төмен құлдырап. Ілуде бірі болмаса... Әйтпесе, бұ дүниенің ғанибеті адамзаттың адамзатқа жан жылуын танытатын жарық болмыс, мейір шуағын шашатын жарқын жүз болар. Сонда да Тәңір берген бұ тірліктен тірі күніңде тірлікке керек тірлік табылар. Төмен болмыс, болымсыз мінез, орынсыз қылықтан бой тартқан тірілікті Тәңір өзі ұзартар. Адамзаттың, сол адамзаттың бөлінбес бір бөлшегі, қазақтың өзіне Көктен сыйға берілген, адами аталған, Көктің болмысындай биік, таза, ұлық дәрежесінде қалуын шексіз құдіретті ұлы Алладан тілек етемін. Тәңірден тілеймін мен адасқан адами сананың Тәңір берген биігінен табылуын...



WALT DISNEY

КИНОКОМПАНИЯСЫНДА ТӘЖІРИБЕ АЛМАСҚАН АНИМАТОР

Батырхан Дәуренбеков - көптеген анимациялық фильмдері мен телехикаялары бүлдіршіндердің көзайымы болған «Сақ» киностудиясының режиссері. «Қазақстан аниматорларының ассоциясы» қоғамдық ұйымның төрағасы, «Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министірлігінің», жанына құрылған киномамандарының көркемдік кеңестің мүшесі. Оның ішінде, «Қазақ елі», «Қанатты барыс» және «Сапа олимпиадасы», «Қазақстан бренді», анимациялық фильмдері үшін 2008 жылы «Ең үздік режиссер-аниматор» дипломымен марапатталған. Сонымен қатар, Батырхан Қалдарбекұлы - «Киелі Қазығұрт» қоғамдық қорының және ОҚО журналистер одағының белсенді мүшесі және 60-тан аса әндерге сөз жазған. «Бөбек» қоры жариялаған балаларға арналған әндер мен ертегілердің авторы ретінде арнайы сыйлыққа ие болған. Батырхан Қалдарбекұлы сұхбат кезінде «Сақ» киностудиясының әр мультфильмдері мен теле-

хикаяларын асыға күтіп, сүйіп тамашалайтын көрермендерге жағымды жаңалықтарымен бөлісті.

«Сақ» Киностудиясы қай жылы құрылды? Негізін қалаған кімдер?

2001-ші жылы «Жебе» деген атпен құрылды. 2008-жылы атын «Сақ» киностудиясы деп өзгерттік. Өйткені, «Жебе» бөлініп, әркім әртүрлі салаға кетті. Бірі баспаханаға, газет-журналға кетті. Ал біз студияны дамытуға қалдық. «Сақ» деп өзгертуіміздің себебі – Сақ дәуірі өнердің нағыз шыңдалған кезі. Мысалы, сол кездің ескерткіші «Алтын адамның» киімімен бүкіл дүние жүзіне мақтанып жүр. Жер-жерге көрмелер ашып, шетелдерге барғанда біздің өнерімізге таңғалып жатыр. Сол кездің зергерлері жасааған алтын әшекей бұйымдарды қазіргінің зергерлері істей алмайды. Сондай мықты өнер туындылары болған. Ең алғашқы туындысы – «Алдар көсе мен шайтандар» деген мультфильм. Қазақ мультипликациясының атасы саналатын Әмен Қайдар(ол кісі қазір дүниеден өтіп кетті) Т. Жүргенов академиясында мультипликациядан сабақ беретін. Сол кісіге апарып көрсеткенімізде «Шымкентте менің де ізбасарларым бар екен ғой» деп көзіне жас алған болатын. Сөйтсек, ол кезде ешкім, тіпті студенттерінің өзінен де ешқандай мультфильм шығармаған екен. Тек «Қазақфильм» шығарып отырған. Сондай кезде барыппыз. Ол кез тоқырау заманы еді. Біз өзіміздің алғашқы мультфильмімізді солай бастағанбыз.

«Сақ» киностудиясының аниматорлары Walt Disney-ге барып, тәжірибе алмасқанынан хабардар болдық. Одан басқа шетелдің өзге киностудияларының мамандарымен тәжірибе алмасу болды ма?

Иә, 2008-жылы Америкадағы Walt Disney компаниясына барып, тәжірибе алмасып, көріп қайттық. Сондай-ақ сол жақтағы тағы екі-үш мультстудияларға кіріп шықтық. Голливудта болдық. Одан басқа, Ресейдің атақты «Мельница» деген мықты анимациялық студиясында болдық. Түркияның мультфильм жасайтын компаниясының мамандарымен кездестік. Тәжірибе алмасып, олар қалай жұмыс істейтінін көрдік.

Қазіргі таңда балалар қандай мультфильмдерге қызығады ?

«Елу жылда ел жаңа» дегендей қазіргі таңда балалардың мультфильмдерге деген қызығушылығы біздікінен мүлдем басқа. Мысалы, біз «Союзмультфилімнің» «Жыл - он екі ай» сияқты керемет, ұзақ мультфильмдерін көретін едік қой. Оларды қазір көрмейді деп ойлаймын. Өйткені, қазіргі заманның балалары динамикалық жағынан қимылы өте күшті, жылдам, қызықты болуы керек. Әрбір 30-40 секунд сайын қызық, күлкілі оқиғалар болып тұруы қажет. Біз өзіміздің бала-шағамыздан «қандай мультфильмдерді жақсы көресіңдер?» деп сұраймыз. Соған қарап мультфильмдерімізді қызықты етіп шығаруға тырысамыз.

Еліміздегі мультипликация саласында «Сақ» киностудиясымен бәсекелесе алатын киностудия бар ма?

Иә, әрине бар. Алматының бүкіл киностудиялары Шымкенттегі «Сақ» киностудиясын өздеріне бәсекелес санайтынын естіп өзіміз таңғалғанбыз. Өйткені, біз Шымкенттегі кішкентай ғана студиямыз. Әйтеуір, барымызды салып жұмыс істеп жатырмыз. Шығарып жатқан дүниелеріміз кішкентай балаларға ұнайды. Өзіміз соған ризамыз.

Сонымен қатар, «Сақ» мультфильм ғана емес, киноны да түсіреді. Өздерің білесіңдер, кезінде «Томпақ» телехикаясы балалардың ең сүйіп көретін телехикаясы болған. Ол «Балапан» телеарнасының 7 жыл ішіндегі көрсетілген фильмдердің рейтингі бойынша бірінші тұрған. Кейін оның орнын біз түсірген «Қалқанқұлақ» басқан. Бұл телехикая шыққан кезде әлеуметтік желіде екі-үш күннің ішінде миллиондаған қаралым жинаған. «Балапан» телеарнасының басшыларының өзі «бұрын соңды мұндай болмаған» деп таңғалған.

«Сақ» киностудиясының ең мықты жетістігі қандай?

Каирдегі Қытай, Америка, Франция секілді алпауыт 90 мемлекет қатысқан халықаралық анимациялық фестивалінде «Қазақ елі» толықметражды фильміміз 3 бірдей жүлделі орынды жеңіп алған. Сол ең мықты жетістігіміз. Ал былайша, көрермендердің барлығы біздің «Қошқар мен Текені» біледі. Әлеуметтік сауалнама болған. Сол жерде ең көп көрілетін бес мультфилімнің ішінде «Сақтың» үш мультфильмі жүр. Оның біреуі сол «Қошқар мен теке». Енді біреуі «Момын мен қарақшылар». Үшіншісі «Толағай». Кейіннен «Қажымұқанды» шығардық. «Төле би» атты он бөлімнен тұратын тарихи телехикая түсірдік. Көрермендерге ұнады. Биыл «Әл-фарабиді» түсірдік. Екеуі де «Қазақстан» ұлттық арнасынан, т.б. телеарналардан көрсетіліп жатты. Яғни, біз тек қана мультфильм емес, кино саласына да қадам басып жұмыс жасап жатырмыз. Менің ойымша, қазіргі балаларға қызықты ертегі фильмдер түсіру керек деп ойлаймын. Мысалы, шетелде «Гарри Потер», «Властелин колец» секілді көптеген ертегі фильмдері бар. Соларды тек кішкентайлар ғана емес, үлкендер де қызығып көреді. Бізде де сол сияқты ертегі кейіпкерлері көп қой. Біз министрлікке «Алтын Сақа» ертегісін ұсынып жатырмыз. Қалай болатынын көреміз енді. Егер бізге сондай тапсырыс беретін болса біз тек Қазақстанда емес, басқа елдерде де қызығып көретін киноларды жасай алатын халге жеттік.



Әр мультфильмдеріңізді асыға күтіп, сүйіп тамашалайтын көрермендерге қандай жаңалықтарыңыз бар?

Біз кішкентай бүлдіршіндерге арналған жаңа жобаны қолға алып отырмыз. «Мультифрукты» деген телехикаяны түсіруді бастадық. Орысша түсіріп жатырмыз. Өйткені, Ресей рыногына шығамыз деп жатырмыз. Телеарналармен, Youtube секілді әлеуметтік желілермен жұмыс істейміз. Ал оны қазақшаға аудару оңай. Әзірше орысша түсіріп жатырмыз. «Мультифрукты» деген бау-бақшадағы жемістер жайлы. Жемістер пайдалы ғой, көптеген дәрумендері бар. Шие, алма секілді жемістер барлығы бір жерде «сиқырлы бақшада» өмір сүреді. Өздерінің ауылдары бар. Сол бақшада өмір сүретін жемістер туралы қызықты оқиғалар.

Кейбір режиссерлерді өздері түсірген кинолардан кейіпкер ретінде көріп қалып жатамыз. Сіз өзіңіздің киноларыңызда ойнағансыз ба?

Мен өзім түсірген киноларда ойнаған жоқпын. Бірақ, бір рет қана мынадай жағдай болды. «Томпақтың» бір бөлімін Шардарада түсіріп жатқан кезде бір актеріміз келмей қалды. Сол актеріміз келмей қалды, түсірілімді тоқтатуға болмайтын болғандықтан мен инспектордың рөлін ойнағанмын. Болды. Басқа мен ондайға түскен жоқпын.

Коронавирус пандемиясының салдарынан болған карантин «Сақ» киностудиясының жұмысына кері әсерін тигізді ме?

Пандемия кезінде біздің ұжым жұмыс істеді. Кәдімгідей медициналық бетпердемен компьютерде жұмыс істеп жатты. Пандемия өршіп тұрған кезде біз Түркістанда Әл-фараби телехикаясын түсіріп жаттық. Бізге өте қиын болды. Іштей жеңіл-желпі ауырып жатқан әріптестерім де болды. Түркістанда қазір құрылыс жүргізіліп жатыр ғой. Сол кездерде ол жақта шаң, жел, ыстық, қапырық болып жатқанда Әл-фараби телехикаясын түсіріп жаттық. Түсірілім тобымызда актерлерді қоспағанда жиырма шақты адам болды. Пандемияға қарамастан жұмыс істедік.

Сіздерге көрермендердің өз ойындағы мультфильмдерін жасауды өтінген ұсыныс түскен кезі болды ма?

Бізден көбінесе «Қошқар мен текенің» жалғасын сұрап жатады. Әрине, оны шығаруға болады. Тек, қаржы мәселесі тосқауыл. Қаржы болса «Маша и медведь» секілді көп сериялы етіп жасауға болады. «Қошқар мен теке» кішкентай балалардың сүйікті кейіпкеріне айналған. Өткенде маған «Қазақфильмнен» хабарласып, өздерінің сайттарында «Қошқар мен текенің» қаралымы «Менің атым Қожадан» озып кетті» - деп сүйінші сұрады. Еңбегіміздің көрермендердің тарапынан бағаланып, сүйіспеншілікке ие болып жатқанына қуанып қалдық. Біздің студияның алдында «Қошқар мен текенің» ескерткіші бар. Кейде кішкентай балаларды ата-аналары ертіп келгенде олар жүгіріп барып, әлгі ескерткішті сүйіп, суретке түсіп кетіп жатады.

Әсерлі сұхбатыңызға көп рахмет. Алар асуларыңыз, шығар белестеріңіз мол болсын.

Гүлжан Ниязова
Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ түрік университетінің 1-курс студенті
Түркістан қаласы

ТҮРКІСТАНДА ЖАҢА ТЕЛЕАРНА АШЫЛДЫ

Түркістан - еліміздің рухани астанасы, тұтас түркі дүниесінің талбесігі. Осыған орай Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2018 жылы, 19 маусымда шежірелі шаһарға жаңа мәртебе беріп, тарихи-саяси тұғырына қайта көтерді. Көне қала – облыс орталығына айналды. Содан бері Түркістан түлеп, түрленіп келеді. Көптеген мәдени-рухани, әкімшілік- іскерлік ғимарат бой көтерді. Соның бірі - «Алатау» медиаорталығы. Ғимарат - Алматы қаласының Түркістанға тартуы.

Медиаорталық 2019 жылдың 4 қарашасында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен ашылды. Ғимарат - 4 қабатты. Аумағы - 4500 шаршы метр. Телевизиядағы ең соңғы құрылғылармен жабдықталған.

21 наурыз Ұлыстың ұлы күнінде «Turkistan» телеарнасы эфирге шықты. Әзірге республика көлемінде «Отау» цифрлық- эфирлік жүйесі арқылы көрсетіледі. Болашақта мемлекетаралық мәртебе алып, тұңғыш рет түркі елдері арасында ортақ ақпараттық- медиа кеңістік қалыптастырмақ. Осындай күрделі әрі жауапты міндетті атқару үшін Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларынан тәжірибелі кәсіби білікті мамандар шақырылды.

Телеарнаның ақпараттық, танымдық, түркі елдеріне ортақ тарихи-мәдени мұрасын насихаттайтын, саяси-экономикалық байланыс-тарды баяндайтын бағдарламаларды жарыққа шығаруда.





ТҮРКІСТАНДЫҚ ЖИһАНГЕЗ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің дайындық факультетінде ағылшын тілін оқытушы Мукаддес Мирзахметова әлемнің 22 елін аралаған екен. Кейіпкеріміз сұхбат барысында саяхатқа шығуды армандап, жоспарлап жүрген жандарға бірқатар кеңестерін айтты, сапарға шыққанда не нәрсені үнемі жаныңнан тастамай алып жүру қажеттігін ескертті және саяхаттау барысында болған қызықты оқиғаларымен бөлісті. Сондай-ақ ағылшын тілін үйренудің ең тиімді жолдарын атап өтті.

Әлемнің 22 еліне саяхаттағаныңыз рас па? Нақтырақ айтқанда қай елдерде болдыңыз?

Иә, рас. Мен Ресейде, одан кейін Польша, Нидерландия, Франция, Германия, Швеция, Амстердам, Түркия және тағы да басқа көптеген елдерде болғанмын. Мен саяхаттауды өте қатты жақсы көремін. Магистратураға түскенімде әпкем сыйлық ретінде Ресейге билет алып берді. Ол шетелге алғаш рет шығуым болатын. Содан кейін саяхаттауды тоқтатпадым. Алдағы уақытта баруды жоспарлап отырған мемлекеттер әлі өте көп. Осымен тоқтап қалғым келмейді. Бүгінге дейін Батыс елдерін араладым. Иншалла пандемия аяқталған соң Шығыс елдеріндегі Қытай, Моңғолия, Индияға барамын деп отырмын.

Шетелге саяхаттағанда сізде қорқыныш сезімі болды ма? Қанша дегенмен жат ел, бейтаныс адамдар...

Бірінші саяхаттағанымда қорыққаным рас. Өйткені өзімнің қаламнан, өзімнің үйімнен шықпаған қыз едім. Бірақ Ресейге барғаннан кейін үйде отырсам саяхаттағым келеді. Басқа елге барғаныңда барлығы басқаша және жаңа нәрселерді үйренгендегі алған әсерімді сөзбен жеткізе алмаймын. Алғашқы кезде қорықтым. Одан кейін қорқыныш жоқ.

Саяхаттағанда қызықты оқиғалар көп болары сөзсіз. Сондай жәйттардың біреуін оқырмандармен бөлісіз бе?

Әлбетте, ондай жәйттар көп. Есімде қалған бір оқиға бар. Мен Польшада білім алып жүрген кезімді әпкем Германияда оқып жатқан еді. Сол кезде Кристмас (Christmas) уақыты еді. Тосын сый істегім келіп, билет алып Германияға бармақшы болдым. Германияда әпкемнен басқа ешқандай танысым жоқ және әпкеме де барайын деп жатқандығымды ескертпегенмін. Автобусқа мінген уақытымда әпкем ғылыми жұмыспен Францияға кеткелі жатқандығын айтты. Ол кезде мен билет алып, автобусқа міниП қойған едім. Әпкем болса Германияда жоқ. Билетті 5 күнге алғанмын. Оны артқа қайтаруға болмайды. Тәуекел жасап, Берлинге бардым. Кристмас уақыты еді. Мерекелік атмосфера болғандықтан менде ешқандай мәселе болмады. Сол жердегі адамдар үй тауып берді. Өте арзан болды деп ойлаймын. Бір апталық тұратын жерімді 30 евроға берді. Тамағымды, барлығын арзан жерлерді көрсетті. Мұндай қызықты оқиғалар өте көп болды. Дәл қазір есіме түскені осы ғана.

Саяхаттауға қызығып жүргендерге қандай кеңес бересіз?

Көбірек армандаңыздар және соның орындалатынына сеніңіздер дегім келеді. Сондай-ақ сапар барысында загран паспортыңызды, телефонды және влажный салфетканы жаныңыздан тастамай, үнемі өзіңізбен бірге алып жүргеніңіз абзал.

Саяхаттап жүргенде тіл мәселесі кедергі болмайды ма? Мысалы Германия, Франция секілді елдерде болғаныңызда сол елдің адармдарымен қай тілде сөйлестіңіз?

Жоқ, кедергі болмады. Менің мамандығым ағылшын тілі және филолог отбасында дүниеге келгенмін. Әпкем араб тілінің, әкем орыс тілінің филологы. Әпкем шетелде оқығандықтан үйде көбінесе ағылшынша сөйлесетін едік. Польшаға барардан бұрын ағылшын тілін жетік білетінмін. Бірақ, Польшаға барғанда бірінші айда қиналдық. Өйткені кітаптағы ағылшын мен күнделікті қолданыстағы ағылшын екеуі екі түрлі нәрсе. Ал Германия, Францияда болғанымда тілмен байланысты ешқандай кедергі, мәселе болмады. Себебі ол жақтағы адамдар ағылшын тілін біледі, ал үлкен жастағылар орысша да сөйлесетін еді. Сондықтан ешқандай қиындықтарды көрген жоқпын. Тек қана Польшада жүргенде оқу барысында ағылшынымды дамыту керек болды. Бірақ, бір айдан кейін үйреніп кеттік.

Ағылшын тілін үйренудің ең тиімді жолдары қандай?

Ағылшын немесе басқа да шетел тілін үйренудің тиімді жолы практика жасау деп ойлаймын. Яғни сол тілде сөйлейтін қоғамға бару. Өйткені кітаптан оқығанда немесе репетиторға барғанда қаншама бет сөздерді жаттайсың. Бірақ, егер оны дұрыс жерде қолдана алмасаң үйренгеніңнің мәні жоқ деп ойлаймын.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін қызыл дипломмен тәмамдаған екенсіз. Жоғарғы оқу орнын үздік бітіруді қалайтын студенттерге өз тәжірибеңізбен бөлісесіз бе?

Студенттік шақ - әрбір адамның өміріндегі ең қызық кезең деп ойлаймын. Әрбір уақытыңды секундына дейін пайдалы өткізгеніңіз абзал. Ғаламтор немесе кино көріп емес, пайдалы бір кітап оқып, ізденісте болу керек. Ең маңыздысы баға үшін емес, өзіңді дамыту үшін әрдайым ізденісте болу. Өйткені әрбір пән мұғалімінің тапсырмасы келешектегі өмірге және жұмысқа деген дайындық деп ойлаймын. Сол себепті әрдайым ізденісте болыңдар. Бір орында тоқтап қалмаңдар. Менің ойымша өмірдегі ең жаман нәрсе – бір орында тоқтап қалу .

Өз еліміздегі көрікті жерлердің қайсысы несімен есіңізде қалды?

Иә, Қазақстанда шетелдегіден де әсем жерлер өте көп. Түлкібастың таза ауасы, көз тартар тұмса табиғаты маған қатты ұнады. Достарыма кейде қалжыңдап Түлкібасты Қазақстанның Швейцариясы деп айтамын.

Әсерлі сұхбатыңызға рахмет! Еңбегіңізге толағай табыстар тілеймін. Алар асуларыңыз, шығар белестеріңіз көп болсын.

Г.Ниязова







Редакция арқылы жазылу құны:
1 жылға - 7 990 теңге; 6 айға - 4 990 теңге
Индекс 74974

АРЗАН СӨЗДІҢ УАҚЫТЫ ӨТТІ, ЕНДІГІ СӨЗ - «САРАСӨЗДІКІ»

